

Almaty

AQSHAMY



БАЛА ҚҰҚЫҒЫН
БАЙЫПТАҒАН АҚЫН-АНА

6

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №29-30 (6708) 27 наурыз, жұма, 2026 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

МЕГАПОЛИС

ГҮЛЗАР ШАҒАР

Алматыда 380 мың шаршы метрден астам аумаққа гүл егіледі



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Биыл «Есо Almaty» ЖШС қаланы гүл екпелерімен көгалдандыру және безендіру жұмыстарына бақылау жүргізеді. Мекеменің мәліметінше, 387 мың шаршы метр аумақты гүлмен безендіру жоспарланып отыр. Оның ішінде: 107 мың шаршы метр жерге біржылдық гүлдер, 280 мың шаршы метр жерге көпжылдық гүлдер мен бұталар және 116 мың шаршы метр аумаққа раушан гүлдері егіледі.

2025 жылмен салыстырғанда, гүлзарлар аумағы 77%-ға ұлғаяды. Маусымға дайындық аясында Есо Almaty жылыжайда гүл өсіретін жергілікті кәсіпкерлермен тығыз жұмыс жүргізіп келеді. Сарапшы-агрономдар Алматының континенттік климатына бейімделген гүл түрлерін таңдап отыр. Қаланы көгалдандыру барысында сальвия, тагетес, агератум және альтернантера сынды ыстыққа төзімді өсімдіктер қолданылады. Бұл гүлдер жергілікті ауа райына жақсы бейімделген әрі жазғы аптапқа төзімді.

Көктемгі маусымға дайындық қыс айларынан басталып, үздіксіз жалғасады. Дәстүр бойынша көгалдандыру

маусымы ерте көктемгі гүл егуден басталады. Наурыз мейрамы қарсаңында қала примулармен безендіріліп, мерекелік атмосфера қалыптасты.

Маусым бойы Алматының барлық ауданында кілем үлгісіндегі гүл композициялары, сондай-ақ саябақтар мен скверлердегі жаңартылған гүлзарлар қала келбетін көркейтп, тұрғындар мен қонақтарға ерекше көңіл күй сыйлайды.

Әзірлеген
Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

ЖАРЫС

ШЕБЕРЛІК ЧЕМПИОНАТЫ

«WorldSkills Almaty – 2026» XI додасы жалғасып жатыр



Алматыда «WorldSkills Almaty – 2026» XI өңірлік кәсіби шеберлік чемпионаты өтіп жатыр. Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен қалалық Білім басқармасы ұйымдастырған үш күндік турнир 25 наурызда «Атакент» ҚІБЮ аумағындағы №11 павильонда, сондай-ақ қала колледждерінің базасында басталған болатын.

Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

3



@AQSHAMY_KZ



@TikTok



@AQSHAM_NEWS



www.aqshamnews.kz





МӘРТЕБЕ

ЗЕҢГІРГЕ ҚҰЛАШ СЕРМЕГЕН...

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Ерванд Тихонович Ильинскийге альпинизмдегі аса үздік жетістіктері, сондай-ақ елдегі спортты дамытуға қосқан елеулі үлесі және қоғамдық қызметтегі белсенділігі үшін «Қазақстанның Еңбек Ері» құрметті атағы берілді. Осыған орайда ең жоғары мемлекеттік награда иесін сыр-сұхбатқа тартқан едік.

рым Күдерін қаза тапқанда, секция иесіз қалды. Сол сәтте Ерванд Ильинскийге жастарды жетектеу ұсынысына келісімін берді. Бірақ бұл шешім оның бүкіл өмірін өзгертетінін ол кезде өзі де білмеген. Уақыт өте оның айналасына өршіл, намысты жастар жиналды. Біртіндеп үлкен мектеп қалыптасты.

— Бапкер боламын деп әуелде ойлаған жоқпын. Жәй ғана жастарға сүйеу болайын дегенмін. Сөйтіп жүріп, ғұмырым осы жолға байланып қалыпты, — дейді ол.

Оның жолы содан кейін үнемі өрге басты. Жетістіктер бірінен соң бірі жалғасып, шәкірттері ел намысын қорғайтын деңгейге жетті.

1982 жылы ол Бірінші Гималай экспедициясының құрамына енді. Алайда, 8500 метр биіктікте басшылық оның тобын кері қайтарды.

— Ол кезде де, қазір де бұл шешімді дұрыс деп санамаймын. Валиев пен Хрищатый өз бетімен ақ төмен түсе алатын еді. Мен өз шәкіртім Сережа Чепчевпен бір арқанда келе жаттым, екеуіміз де жарақатсыз шыңға шығып, аман қайтар едік. Әрине, көңілге ауыр тиді — бұлар менің тәрбиелеген шәкірттерім, жағдайларын жақсы білетінмін. Ал төменде отырғандар біз үшін шешім қабылдады. Өзгенің ісіне араласты, — деп еске алады ол.

Ильинский өзінің жеке биігін елу жасында бағындырды. Бұл 1990 жылғы Кеңес-Америка-Қытай «Бейбітшілік экспедициясы» аясында жүзеге асты. Сол кезде көптеген альпинистер шыңға оттегі баллонынсыз көтеріліп жатты. Солардың қатарында оның шәкірттері — Мошников, Арсентьев, Луняков, Целищевтер бар еді. Олар Эвересті оттегі құралынсыз бағындырған алғашқы кеңестік альпинистер атанды.

— Мен оттегімен көтерілдім. Себебі, дәл сол сәтте қате шешім қабылда сам, кейін мүлде шыға алмауым мүмкін



(Дереккөз: mountain.kz)

Тағдыр кейде адам ғұмырын тұтас бір дастандай етіп жазады: бірде көк тіреген шыңға шығарды, бірде тұңғыыққа түсіреді; бірде жоғалтасың, бірде табасың; бірде сынайды, бірде шыңдайды. Ерванд Тихонович Ильинскийдің өмірі — дәл сондай өрнегі күрделі, мағынасы терең ғұмырлардың бірі. Оның есімі аталғанда елдің ықыласпен иіле қарайтыны да содан. Мұндай құрмет атақтан емес, адал еңбектен, мағыналы өмірден туады.

Жастық шағында ол спорттың сан түрін байқап көрді. Бірақ жүрегі тауға тартып тұрды. Уақыт өте келе сол жолдың бірін таңдауға тура келгенде, ол еш ойланбастан биікті таңдады.

— Алғашында тауға жалғыз шығатынмын. Себебі, мені ешкім секцияға қабылдамады, — деп жымылып еске алады ол. Бірақ жалғыз жүрсе де, тыйымға тоқтамады.

Тағдыр оған жолықтырған ең үлкен олжаның бірі — Сарым Күдерін еді. Журналист, ақын, альпинист — бойына талай қасиет тобысқан осы азамат оның алғашқы ұстазы болды. Ол жас жігітке таудың сырын өлеңмен ұқтырды, қолына мұз шапқысын ұстатты. Бұл жәй ғана ұстаздың емес, таумен тілдесудің кілтін табыстау еді. Сол бір жұқа кітап әлі күнге дейін көзінің қарашығындай сақтаулы. Кей өлеңдерін әлі күнге жатқа айтады.

Ервандтың жолы бірден даңғыл бола қойған жоқ. Бірақ әр басқан қадамы бекем еді. Әуелі туризм мектебінен өтті, кейін топ бастап, асулардан асып, Ыстықкөлге дейін жорық жасады. Ақыры ұстазының ақылымен ҚазМУ-дың альпинизм секциясына келіп қосылды. Сол жерде оның шын мәніндегі шыңға бастар жолы ашылды.

1963 жылы Са-

екенін түсіндім. Сондықтан ең дұрыс шешімді таңдау керек болды, — дейді Ерванд Тихонович.

1991–2010 жылдары оның жетекшілігімен Қазақстан құрамасы әлемде тұңғыш рет барлық 14 сегізмыңдықты жиынтық түрде бағындырған ұлттық құрамаға айналды. Дхаулагири, Канченджанга, Лхоцзе, К2, Аннапурна — әрқайсысының атауының өзі эпостың бір жолындай естіледі.

Осы 19 жыл ішінде 32 альпинист сәтті шыңға шықты. Солардың қатарында 1997 жылы Эвересті бағындырған жалғыз әйел — Людмила Савина да бар.

— Альпинизмде әлемдегі барлық сегізмыңдыққа көтерілу — ең қиын белестердің бірі саналады. Менің сондай шыңдардың бәріне оттегі құралынсыз шыққан жігіттерім бар. Олар — Мақсұт Жүмаев, Василий Пивцов және басқалар. Бұл бағдарламаға шамамен 15–20 жыл уақыт кетті. Осы аралықта тұтас бір буын алмасып үлгерді, — деп жылы естелікпен айтады Ерванд Ильинский.

Ерванд Ильинский үшін тау жәй ғана биіктік емес. Ол — мінездің, төзімнің, шындықтың мектебі. Мұнда айла жүрмейді, өтірік өтпейді. Әр қадамың өз жауапкершілігің:

— Кез келген салмақты өрлеуде өмір қыл үстінде тұрады. Бәрі дайындыққа, тактикаға, құрал-жабдыққа байланысты. Сақтық, сергектік, алдын болжай білу — мұның бәрін еш жерден сатып ала алмайсың. Мұны тек өз басыңнан өткізіп сезінесің. Құлаған кездер де болды, бір емес. Бірақ түбіне дейін кетпедім. Бір экспедицияда науқастанғандардың саны оларды эвакуациялауға мүмкіндік бермей кетті. Тірі адамды тастап кету мүмкін емес. Бұл — өте ауыр моральдық сынақ. Оған ешқашан үйрене алмайсың.

2026 жылдың наурызында Президент Жарлығымен берілген «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы тарихи оқиға болды. Себебі, бұл жоғары марапат алғаш рет альпинистке табысталды.

Бұл атақтың артында рекордтар мен өмір жолында бағынған шыңдар ғана емес, ұстаз аманаты, шәкірт сенімі жатыр.

Ол өз ғұмырын бір ауыз сөзбен «сәтті» деп түйіндеді.

Сұхбаттасқан
Әсем ОМАРОВА.



МАРАПАТ

ҰРПАҚҚА ҚЫЗМЕТ — ЛАЙЫҚТЫ ҚҰРМЕТ

Алматыда Наурыз мерекесін атап өтуге дайындық барысында педагогикалық мамандықтың мәртебесін айқындайтын маңызды іс-шара өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ғылым және білім саласының үздік өкілдеріне мемлекеттік наградаларды табыс етті.

Салтанатты ресми іс-шара 2026 жылғы 19 наурызда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Мемлекет басшысының ғылыми қоғамдастықпен кездесуі аясында өтті. Жиналған қауымға сөз сөйлеген Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттың интеллектуалдық әлеуетін дамытудағы стратегиялық маңыздылығын атап көрсетті.

«Жас ұрпақ ғылымға, инновациялық кәсіпкерлікке, озық цифрлық дағдыларды меңгеруге жоғары қызығушылық танытатыны қуантады. Мемлекеттің міндеті — жастарға сапалы білімге, заманауи ғылыми базаларға және жаһандық академиялық байланыстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету болып табылады», — деді Мемлекет басшысы.

Бұл күні Алматы қаласы Білім басқармасы Оқушылар сарайының директоры Айгүл Байсымақова жоғары құрметке ие болды. Көпжылдық жемісті еңбегі мен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі үшін Мемлекет басшысының қолынан «Құрмет» орденімен марапаттады.

Айгүл Болатбекқызы білім саласына 38 жылын арнады. Оның басшылығымен Оқушылар сарайы қосымша білім беру саласының флагманына айналды. Оның

қатысуымен әзірленген авторлық бағдарламалар ғылыми-техникалық, экологиялық-биологиялық және көркем-эстетикалық бағыттарды қамтиды. Оқушылар сарайының 7000-нан астам тәрбиеленушілері беделді олимпиадалар мен байқаулардың жеңімпаздары атанды. Мұнымен қоса, ол 11 500 оқушы қатысқан «Домбыра үні» балалар флешмобын ұйымдастыруға атсалысып, Қазақстан рекордтар кітабына енуіне бастамашы болды.

Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің жоғары мемлекеттік наградаларымен білім дамуына сіңірген орасан үлесі, көпжылдық еңбегі және өскелең ұрпақты тәрбиелеуге адалдығы үшін мегаполистің еңбек сіңірген педагогтері марапатталды. Марапат иелерінің қатарында жетістіктері жоғары деңгейде мойындалған жаңашыл мұғалімдер, білім беру ұйымдарының басшылары және педагогикалық еңбек ардагерлері де болды.

Әрбір жоғары марапат — бұл тек педагогтің жеке шеберлігін ғана емес, сондай-ақ, Алматыдағы білім жүйесінің жоғары мәртебесінің мойындалуы деуге болады. Жалпыұлттық референдумда халық қолдауына ие болған жаңа Конституциямызда білім мен ғылымның дамуы мемлекеттің стратегиялық бағыты ретінде танылған. Бұл атап өткен маңызды оқиғалар еліміздің жаңа Конституциясында бекітілген, педагогтерді қолдауға бағытталған бағытты тағы бір мәрте айқындады.

Әзірлеген
Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



ЖАРЫС

ШЕБЕРЛІК ЧЕМПИОНАТЫ

«WorldSkills Almaty – 2026» XI додасы жалғасып жатыр



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Рая
ЕСКЕНДІР

(Басы 1-бетте)

Чемпионатқа 470-тен астам колледж студенті қатысуда. Олар 7 бағытқа біріктірілген 57 құзыреттілік бойынша сынға түсіп жатыр. Байқау жұмыстарын 500-ден астам сертификатталған сарапшы бағалап отыр, олардың үштен бірі жұмыс беруші кәсіпорындардың өкілдері.

Жарыстың екінші күні Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов қатысты. Ол сайыстың өту барысымен таны-

сып, қатысушылармен және сарапшылармен әңгімелесті. Сондай-ақ, студенттердің құрылыс, ақпараттық технология, дизайн және өзге де бағыттар бойынша шеберліктерін көрсетіп жатқан алаңдарды аралады.

Бірқатар жарыс түрлері қаладағы басқа да колледж базаларында ұйымдастырылуда. Себебі, жарыстың кейбір түрі кәсіби дайындықтың нақты өндірістік жағдайларға жақын ортада өтуін талап етеді. Іс-шара аясында өткен ерекше білім беру қажеттілігі бар жастарға арналған «Abilympics» байқауы да халықаралық стандартқа сай, онда инклюзивті білім беру қағидаттары толықтай қамтылған.

Жарыспен қатар «Менің болашақ мамандығым» атты жәрмеңке ұйымдастырылып, оған мыңдаған қала мектептерінің оқушылары қатысты. Олармен сала мамандары кәсіптік бағдар беру бойынша жұмыс жүргізуде. Қысқасы, мектеп оқушылары үшін арнайы экскурсиялар, шеберлік сабақтары мен таныстырылымдар ұйымдастырылып, жастарға мамандық таңдауда бағыт-бағдар берілді.

«WorldSkills Almaty» – студенттерге жасалған зор мүмкіндіктің бірі. Оның басты артықшылығы маман иелерінің кәсіби деңгейін нақты бағалау және болашақта жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін арттыруға ықпал етеді. Іс-шара аясында кәсіптік

бағдар беру жұмыстары да қатар жүргізілуде.

Бүгін, 27 наурызда жарыстың соңғы күні өтеді. Чемпионатты салтанатты түрде қорытындылау және жабылу рәсімі 30 наурыз, сағат 15.00-де Оқушылар сарайының акт залында ұйымдастырылады. Жеңімпаздар қараша айында Астанада өтетін WorldSkills Kazakhstan 2026 республикалық кезеңінде Алматы қаласының намысын қорғайды.

Айта кетейік, чемпионат Мемлекет басшысы жариялаған Жасанды интеллект және цифрландыру жылы аясында өтіп, жұмысшы мамандықтарды дәріптеуге және адами капиталды дамытуға ықпал етеді.

ТАЗАРУ КҮНІ

Мереке берекеге ұласты



Сурет: автор.

Наурызнама онкүндігінің қорытындысы – Тазару күніне орай ел көлемінде ауқымды экологиялық акция ұйымдастырылды. Алматыда да айтулы күн аясында жалпықалалық сенбілік өтті. Эконауқанға қала әкімі Дархан Сатыбалды қатысты. Негізгі іс-шаралар Наурызбай ауданында – Ж.Жиембаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институты маңындағы скверде өтті. Қала әкімі тұрғындармен бірге аумақты тазарту және көркейту жұмыстарына қатысты.

Сайран көлінің батыс жағалауында өткен сенбілікке Әуезов аудандық полиция басқармасының, Төтенше жағдайлар басқармасының қызметкерлері, Ардагерлер кеңесінің мүшелері, аудандық комьюнити-орталықтың жастары, еріктілер мен әкімдік қызметкерлері қатысты.

«Дәл осы Сайран көлінің жағалауында 21 наурыз күні мерекелік іс-шара өткізген болатынбыз. Содан кейін жиналған қоқыс қалдықтарын тазартып, айналаны ретке келтіру мақсатында осы аумақ таңдалды. Жалпы сенбілікке 500-ге жуық адам жұмылдырылды. Олар үш мекенжайға бөлінген. Қазіргі уақытта Сайран көлінің батыс жағалауын 50-ге жуық адам тазартып жатыр. Олардың басым бөлігі – жастар», – деді Әуезов ауданы әкімдігінің баспасөз хатшысы Алина Ыдырыс.

Еске сала кетейік, Наурызнама онкүндігі ұлттық экологиялық акциямен түйінделеді. Тазару күні жаңару мен жауапкершілік мәнін нақты іс арқылы көрсетіп, қоғамды тазалыққа, табиғатты қорғауға және экологиялық сананы қалыптастыруға шақырып жатыр.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қала басшысы бұл бастама Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы аясында қолға алынғанын атап өтті. Шаһар басшысы бұл науқан игі дәстүрге айналғанын жеткізді.

«Таза Қазақстан» арқылы біз жастарға үлгі көрсетіп, тазалық мәдениетін қалыптастырамыз. Президенттің бастамасымен бұл бағдарлама еліміздің барлық өңірінде жүзеге асырылып жатыр. Бұл тек ауланы таза ұстау емес, жалпы мәдениет деңгейін өзгерту», – деді Дархан Сатыбалды.

Жалпықалалық сенбілік Алматының барлық ауданын қамтып, 24 орында өтті. Акцияға 10 мыңнан астам адам қатысып, 2035 бірлік арнайы техника жұмылдырылды. Сенбілікте 2 мың текше метрден астам қоқыс шығарылып, 2010 ағаш пен бұта егілді. Сонымен қатар, аулалар, қоғамдық кеңістіктер, арық желілері және іргелес аумақтар тазартылды.

ӘЛЕУМЕТ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«ПАРАСАТТА» ЭТНО-КАБИНЕТ АШЫЛДЫ

«Парасат» әлеуметтік қызметтер орталығы психоневрологиялық патологиясы және тірек-қимыл аппараты бұзылған 1,5–18 жас аралығындағы балаларға, сондай-ақ психоневрологиялық аурулары бар 18-ден асқан ересектерге жартылай стационарлық (күндізгі) жағдайда және үйде арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетеді.

Нұржамал
ӘЛІШ

Қазіргі күні орталықта 350 мүмкіндігі шектеулі адам қызмет алуда. Жартылай стационар бөлімінде массаж, емдік дене шынықтыру, психолог, логопед, дефектолог сабағы, дәрігерлердің (невропатолог, педиатр) қабылдауы өтеді. Еңбек терапиясы нұсқаушысы мен музыка мұғалімінің қызметі де бар.

Орталықтың негізгі мақсаты – арнайы көрсетілетін әлеуметтік қызметтердің сапасын арттыру, қызмет алушылардың күнделікті өмірге қажетті дағдысын дамыту, оларды әлеуметтендіру, тұрмыстық жағынан бейімдеу, оңалту және қоғамға кіріктіру.

Міне, осындай әлеуметтік бағыттағы миссияның үдесінен шығып жүрген «Па-

расат» орталығында қазақтың ұлттық нақышымен безендірілген этно-кабинет ашылды.

«Этно-кабинет мәдени дәстүрлерді сақтау, рухани құндылықтарды насихаттау, дамытуда және әлеуметтік қызмет алушыларды қолдап, сүйемелдейтін ерекше кеңістік болмақ. Бізге келушілер қазақтың тұрмысы, салт-дәстүрі, қолөнері сынды ұлттық құндылығымен таныса алады. Қызмет алушылар үшін осынау ұлттық интерьер үйдегідей жайлылық пен жылылық сезімін сыйлайды деп ойлаймын», – дейді «Парасат» орталығының директоры Нұрғайым Дүйсенбаева.

Этно-кабинет ашу идеясын Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесінің және орталықтың Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Зулфия Хусеинова бірден қолдап, жоғары деңгейде жабдықталуына көңіл бөліп, демеушілік көрсеткен.

Ерекше кабинет қабырғасын ұлттық нақышпен безендіріп шыққан жас суретші Рамазан Садиевтің еңбегі де ұшан-теңіз. Иә, қабырғаға салынған сан бояулы суреттер де «сөйлеп» тұр. Суретші қиялынан туған әр бейне ұлттық құндылығымызды дәріптейді.

Ұлттық реңктегі этно-кабинеттің ашылу құрметіне орталық мамандары мен қызмет алушылары бірлесіп концерттік бағдарлама ұсынды.



ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

ТАНЫС КЕРЕК ЕМЕС

Мемлекеттік қызметке қабылдау толық онлайн өтеді



Биылғы сәуірден бастап елімізде мемлекеттік қызметке қабылдаудың жаңа тәртібі күшіне енеді. Ол байқау рәсімдерін толық онлайн форматқа көшіріп, автоматтандырды көздейді.

Нұржамал
ӘЛІШ

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті басшысының орынбасары Шынарай Әлімхан осылай деді.

Оның айтуынша, іріктеудің барлық кезеңі eqyzmet.gov.kz порталы арқылы өтеді. Бұл артық бюрократияны жойып, адами фактордың әсерін азайтып, еліміздің барлық өңіріндегі кандидаттарға тең мүмкіндік беруге жол ашады. Байқаудағы рәсімдердің мерзімі енді 5–7 жұмыс күніне дейін қысқарады.

«Біз мемлекеттік қызметтің жаңа моделіне көшіп жатырмыз. Мұнда басты рөлді формалды рәсімдер емес, адамның нақты құзыреті атқарады. Бұл әр кандидатқа тұрғылықты жеріне немесе жеке байланыстарына қарамастан өз кәсіби қабілетін дәлелдеуге мүмкіндік береді», – дейді Шынарай Әлімхан.

Жаңашылдықтың бірі – алдын ала тестілеу мүмкіндігі. Кандидаттар тестті алдын ала немесе өтініш қабылдау кезеңінде тапсыра алады. Бұл дайын кадрлық резерв қалыптастырып, конкурс өткізу процесін жеделдетуге мүмкіндік береді. Заңнаманы білуге арналған тест конституция, мемлекеттік қызмет пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдар,

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мамай АХЕТ,
Алматы қаласы әкімі
аппаратының әдеп жөніндегі
уәкілі:

Жауапкершілік жүгі ауыр

Әдеп кодексі қазір жәй бір құжат емес, мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді қалыптастыратын практикалық құрал. Азаматтар тарапынан ашықтық пен айқындыққа сұраныс артып келеді. Енді мемлекеттік қызметкерлер де соған сай болуы тиіс. Сондықтан біз тек құқық бұзушылыққа қарсы күреспен шектелмей, оның алдын алуға көп мән береміз. Басты мақсатымыз – қызметтегі әдептен аспайтын мәдениет қалыптастыру.

Біз қызметтен тыс мінез-құлыққа қатысты тәуекелдердің алдын алуға да назар аударамыз. Құмар ойыны өтетін орындарға бару, діни салада бейтараптық сақтау – бұл енді жеке мәселе емес, кәсіби жауапкершілік. Сондықтан мұндай тақырыпты үнемі талқылап, түсіндіру қажет. Осы мақсатта оқыту форматтарын және ұжымдармен ашық диалогты белсенді қолданамыз.

сондай-ақ Әдеп кодексі сияқты 55 сұрақтан тұрады: өту үшін кемінде 30 дұрыс жауап жинау қажет, әрі әр блок бойынша кемінде 5 дұрыс жауап болуы тиіс.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТ

Алматы қаласы Өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтары арқылы көрсетілген қызметтер саны бойынша елдің көшін бастап тұр. Мәселен, тек қызметтің осы түрі бойынша бір жыл ішінде 2,3 млн.-нан астам адамға қызмет көрсетілген.

Алматы көш бастап келеді

Рая
ЕСКЕНДІР

Екінші орында Алматы облысы мен Түркістан облысы келеді. Жалпы, алматылықтар мемлекеттік қызметтерді цифрлық форматта өз бетінше алу мүмкіндігін былтыр да белсенді пайдаланған еді. «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорацияға жүргізген талдау нәтижесіне сәйкес, өзіне-өзі қызмет көрсету аймағындағы өтініштер саны бір жыл ішінде 6,6 млн.-нан асып, 14,8 млн.-ға жетіп отыр.

Мәселен, бұл аймақта қызметтің бес түрі ең көп сұранысқа ие болған. Олар электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) алу, архивтік анықтамалар рәсімдеу, тұрғылықты жері бойынша тіркеу, соттылығының бар немесе жоқ екендігі туралы анықтама беру, сондай-ақ жылжымайтын мүліктің бар немесе жоқ екендігі туралы анықтама алу.

Өткен жылы ХҚКО операторлары арқылы 13 млн.-нан астам мемлекеттік қызмет көрсетіліп, бұл көрсеткіш 15 млн.-нан асқан. Осы қалыпта қызмет көрсетілсе Алматы, Астана және Шымкент қалалары көштің басы болып қала беретін сыңайлы.

Мемлекеттік корпорацияның Басқарма төрағасы Арман Кенжеғалиевтың айтуынша, бұл қызметтің басты мақсаты – азаматтарға барынша ыңғайлы әрі қолжетімді жағдай жасау. Әр адам мемлекеттік қызметті өзіне қолайлы тәсілмен алуы тиіс: біреулер мобильді қосымшалар мен электрондық үкімет порталына таңдаса, өзгелері банк қосымшаларын немесе ХҚКО-ға жүгінуді жөн көреді. Аталған корпорация азаматтарға барынша қолайлы жағдай жасауды көздейді.

БРИФИНГ

Салық төленсе айыппұл алынады

Берешегін өтеген алматылық кәсіпкердің айыппұлы мен өсімпұлды алынып тасталады. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Алматыдағы Мемлекеттік кірістер департаментінің берешекпен жұмыс басқармасы бастығының міндетін атқарушы Аида Омарова осылай деп мәлімдеді.

Дана
САДЫРҚАН

Оның айтуынша, бұл қағидалы 1 қаңтардан бастап қарызы бар салық төлеушілерге қолданылу көзделген. Құжатта берешектегі өсімпұлды, сондай-ақ кәсіпкердің дербес шотында тіркелген салыққа қатысты құқықбұзушылығы үшін салынған айыппұлды алып тастау жағы да қарастырылыпты.

Сонымен қатар, салық міндеттемесі биылғы 1 сәуірге дейін толық орындалған жағдайда өсімпұл мен айыппұл есептен шығарылады. Бұған қоса, биылғы 1 қаңтарға дейін жасалған операциялар бойынша ҚҚС бойынша тіркелмей қызмет атқарғаны үшін салынған айыппұл да алынып тасталамақ.

Негізгі шарт – 2026 жылғы 1 қаңтар мен 31 наурыз аралығында басты салық берешегін толық өтеу. Бұл ретте тек өсімпұл мен айыппұл есептен шығарылады да, негізгі салық сомасын төлеу міндетті болып қала береді.

Есептен (айыппұл мен өсімпұлды) шығаруды комиссияның дербес шоттарға жүргізетін түгендеу жұмысының қорытындысына қарай қолға алады. Аида Омарованың айтуынша, бұл бастаманы іске асырғанда бизнеске түсетін қарыз жүктемесі азайып, оның ары қарайғы дамуына жағдай жасамақ.



– Аталған іс-шараны іске асыру кәсіпкерлік субъектілерінің борыштық жүкте-

месін азайтуға, олардың қаржылық жағдайын жақсартуға және бизнестің одан әрі дамуына қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты кәсіпкерлерді ұсынған мүмкіндікті пайдалануға, салық берешегінің негізгі сомасын уақытылы өтеуге және салықтық міндеттемелерін реттеуге шақырамыз, – деді Аида Омарова.

КӨШПЕЛІ КЕЗДЕСУ



Қызмет көрсету сапасы талқыланды

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті жанындағы Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі ведомстваралық жұмыс тобы (ВАЖТ) көшпелі отырыс өткізді.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жиында автокөлік жүргізушілеріне арналған мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталықтарындағы қызмет сапасы, азаматтардың шағымдары және оларды шешу жолдары талқыланды. Отырысқа Алматы қаласы

бойынша Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының басқарма басшысы Мақсат Жаңбыршиев, жұмыс тобының төрағасы, департамент басшысының орынбасары Нұржан Узбежанов және жөне ВАЖТ мүшелері қатысты.

Кездесу барысында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Алматы қаласы бойынша фи-

лиалы ұсынған ақпарат қаралып, қызмет көрсету кезінде туындайтын бірқатар жүйелі мәселелер анықталды. Атап айтқанда, жүргізуші куәлігін алу кезінде азаматтардың ұзақ кезекте тұруы, емтихан процесінің жеткілікті деңгейде ұйымдастырылмауы және қызмет көрсету тәртібіне қатысты шағымдардың жиі түсетіні туралы мәселелер сөз болды.

Жұмыс тобының қорытындысы бойынша теориялық емтихан тапсыратын компьютерлер санын көбейту, қосымша оқу сыныптарын ашу және практикалық емтиханға жазылудың тиімді жүйесін енгізу секілді бірнеше ұсыныс қабылданды. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы жағдай жасау мәселесі де назардан тыс қалмады. Мәселен, мамандандырылған ХҚКО №4 бөлімінде анықталған кемшіліктерді жою және мүгедектігі бар азаматтарға қажетті инфрақұрылымды қамтамасыз етуді қарастыру қажет екені айтылды.

Жиын қорытындысы бойынша ВАЖТ «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Алматы қаласы бойынша филиалына ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту, теориялық емтихан тапсыратын компьютерлер санын арттыру, мамандандырылған ХҚКО-ларда медициналық тексеру мекемелерінің санын көбейту мүмкіндігін қарастыру жөнінде нақты ұсыныстар берді.

Мамандардың айтуынша, бұл шаралар мамандандырылған ХҚКО-ларда көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыруға ықпал етеді.



ЖАҢА УРБАНИСТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬ

Алматылықтардың өмір сапасын қалай жақсартта алады?

Алматыда қалалық инфрақұрылымды жаңғырту, көлік жүктемесін азайту және экономикалық белсенділікті теңгерімді дамыту мақсатында полиорталықты жоспарлау мен микромобильділік инфрақұрылымын қалыптастыру жобалары жүзеге асырыла бастады. Бұл бастамалар қаланың инвестициялық тартымдылығын арттырып, шағын және орта бизнестің дамуына жаңа мүмкіндіктер ашады.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Дамудың жаңа жолдары

Мемлекет басшысы Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдыны қабылдаған кезде экологиялық жағдайды жақсарту, тұрақты көлік және туристік құрылымдарды қалыптастыру, сондай-ақ қалалық орта сапасы мен халықтың өмір сүру деңгейін арттыру жөнінде де тапсырма нақты тапсырмалар берген болатын. Бұл мәселенің стратегиялық шешімдерінің бірі – қаланың полиорталықты дамуы екені сөзсіз.

Алматының 2040 жылға дейінгі бас жоспарында қаланың моноорталық даму моделінен полиорталық жүйеге көшу көзделген. Бұл тәсіл қала орталығына түсетін жүктемесін азайтып, жаңа іскерлік және тұрғын инфрақұрылым аймақтарын қалыптастыруға негізделіп отыр.

Аталған бағыттағы ірі жобалардың бірі – Ink Architects сәулетшілер тобы әзірлеп жатқан «Батыс қақпасы» полиорталығы. Жоба Момышұлы, Мөңке би, Рысқұлов және Фариза Оңғарсынова көшелерінің квадратында орналасады. Мұнда тұрғын үй кешендерімен қатар қызмет көрсету, сауда және бизнес инфрақұрылымын дамыту жоспарланған.

Сарапшылардың пікірінше, мұндай кешенді даму моделі тұрғындардың жұмыс, демалыс және тұрмыстық қызметтерге қолжетімділігін арттырып, қалалық экономикадағы іскерлік белсенділікті теңгерімді бөлуге мүмкіндік береді.

Көлік жүктемесін азайту тетігі

Алматыда атмосфераның ластануына автокөлік құралдарының әсері жоғары екені белгілі. Мәселен, қалаға күн сайын облыстан шамамен, 400 мыңға дейін автокөлік кіретіні көлік инфрақұрылымына түсетін қысымды күшейтіп отыр. Қалыптасқан жағдайды жақсарту мақсатында Алматыда 2010 жылдан бері микромобильділік инфрақұрылымын жақсарту жұмыстары жүргізіліп келеді. Қаланың бас жоспарында велосипед жолдарын дамыту көше-жол желісінің маңызды бөлігі ретінде белгіленген. Сол себепті, қазіргі уақытта жаңа көшелер мен магистральдар жобаланғанда веложолдар міндетті түрде ескерілетін болып жүр.

«Батыс қақпа» полиорталығының іс-жоспарын әзірлеу барысында Ink Architects сәулетшілер тобы қолданыстағы инфрақұрылым мен велосипед марш-



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСУЛЫ.

руттарын зерттеген. Мамандардың айтуынша, Алматыдағы басты мәселелердің бірі – веложолдардың жүйесіздігі. Қалада барлығы 89 шақырым велосипед жолы болғанымен, олардың көпшілігі өзара байланыспаған.

Ink Architects сәулетшілер тобының жетекшісі, Британдық сәулетшілер корольдік институтының жарғылық мүшесі және Американдық сәулетшілер институтының халықаралық қауымдастырылған мүшесі Құралай Есмұханова жобалау барысында барлық тараптың мүддесі ескерілгенін атап өтті.

– Біз ұйымдастырылған автотұрақтар мен веложолдарды қатар қарастырдық. Жолдардың тиімді бағыттарын анықтау үшін спорттық қосымшалардың жылу карталары арқылы аумақты талдадық. Бұл адамдардың нақты қозғалыс траекторияларын көруге мүмкіндік берді. Спортшылар мен әуесқойлар бұрыннан пайдаланған бағыттар негізінде жаңа жолдар жоспарланды. Нәтижесінде «Батыс қақпа» полиорталығының жобасы табиғи қалыптасқан қозғалыс үлгілеріне бейімделіп, полиорталық ішінде үздіксіз әрі байланысқан жол желісін қалыптастыруға бағытталды, – деді сәулетші.

Қауіпсіз қозғалыс мәдениеті

Сонымен, велосипед жолдарының қауіпсіздігін қалай ұйымдастыруға болады? Бұл мәселені шешу үшін Ink Architects сәулетшілері аудан ауқымынан көше масштабына дейін терең талдау жүргізді. Жобалауда қауіпсіз орта қалыптастыру басты басымдыққа айналды.

– Бұл полиорталық жобасында велосипед жолағы жолдан көгалдандырылған жасыл



жолақтар арқылы бөлінді. Соның арқасында автокөліктер велосипед жолағын тұрақ ретінде пайдалана алмайды және велосипедшілердің көлік есігіне соғылу қаупі азаяды. Мұндай шешім көшені қақтығыс аймағынан баршаға қауіпсіз кеңістікке айналдырады, – деп түсіндіреді Қ.Есмұханова.

Оның айтуынша, қалалардағы велосипед жолдары барлық маусымда, соның ішінде қыс мезгілінде де тиімді жұмыс істей алады. Мысалы, Скандинавия елдерінде қатал климатқа қарамастан велосипед қозғалысы жыл бойы белсенді. Осы тәжірибеге сүйене отырып, Ink Architects мамандары буферлік аймақтарды қар тазалау кезінде қарды уақытша сақтайтын кеңістік ретінде пайдалануды ұсынады. Сонымен қатар, жолақтардың ені 2-2,5 метр болуы маңызды. Себебі, бұл механикаландырылған шағын техниканың еркін қозғалуына мүмкіндік береді.

Сарапшылардың болжамынша, халықаралық микромобильділік нарығы (электр скутерлері, велосипедтер және т.б.) алдағы алты жылда жыл сайын 18,35%-ға өсіп, 216,3 миллиард долларға дейін жетуі мүмкін. Әлемде 8 км-ге дейінгі қашықтықта автокөлікті біртіндеп алмастыру, қалалық көлік ағындарын оңтайландыру, автономды жүйелерді дамыту және жасанды интеллектті енгізу бағытында белсенді инвестициялар күтілуде.

Мысалы, АҚШ-та қысқа сапарларға арналған электр скутерлері, велосипедтер және электр велосипедтерін қамтитын микромобильділік нарығының көлемі 2032 жылға қарай 120 миллиард долларға дейін өседі деп болжануда. Ал Нидерландыда тұрғындардың 40%-дан астамы күнделікті велосипедпен жүреді, бұл тәжірибе Дания мен Финляндияда да кең таралған. Сонымен қатар, EuroVelo жүйесінің 17 халықаралық бағыты елдерді байланыстырып, сапалы инфрақұрылым мен жол белгілерін қамтамасыз етеді.



(Сурет: ЖИ).

ЦИФРЛЫ СУ ЕСЕПТЕГІШТЕР

тұрмыстық сектордағы үйлердің шамамен, 65% -ында есептегіш құралдары орнатылған.

Жаңашылдықтың басты мақсаты – деректерді берудің автоматтандырылған жүйесіне көшу. Енді есептегіш құралдары ақпараттық-өлшеу жүйелерімен және энергия тұтынуды есепке алу жүйелерімен интеграциялануы тиіс.

Негізгі жаңалықтардың бірі – деректерді беру технологияларын енгізу. Басымдық NB-IoT желісіне беріледі, сонымен қатар LoRaWAN технологиясын пайдалануға да рұқсат етіледі. Жаңа құрылғылар, ең алдымен, NB-IoT арқылы жұмыс істейді. Ал LoRaWAN технологиясы қолданылатын бұрынғы есептегіштерді олардың қызмет ету мерзімі аяқталғанға дейін пайдалана беруге болады.

Жаңа ережелер деректерді қашықтан жинау жүйесіне көшуді көздейді. Бұл есептегіш көрсеткіштерінің автомат-

ты түрде берілуін қамтамасыз етіп, қолмен дерек енгізу қажеттілігін азайтады әрі қателік ықтималдығын төмендетеді. Сонымен қатар, энергия тұтынуды есепке алудың автоматтандырылған жүйесі (ЭТЕАЖ) енгізіледі.

Көптеген қазақстандықтар үшін бұл өзгерістер жүйені біртіндеп ыңғайлы цифрлық форматқа көшіруге бағытталған. Көрсеткіштерді қолмен жазу азайып, төлемдер дәлірек есептеледі, ашықтық артады. Сонымен қатар, бұрыннан орнатылған есептегіштерді дереу ауыстырудың қажеті жоқ, олар өздерінің қызмет ету мерзімі аяқталғанға дейін қолданыла береді.

Осылайша Қазақстандағы суды есепке алу жүйесі кезең-кезеңімен цифрлық форматқа көшіп, тұтынушылар мен коммуналдық қызметтер үшін тиімді, ашық әрі ыңғайлы бола түседі.

Қазақстанда су есептегіш құралдарын орнату және пайдалану ережелеріне өзгерістер енгізілді. Жаңа талаптар жүйені цифрландыруға және деректерді автоматты түрде беруге бағытталған. Бұл талаптар жаңа есептегіштерге де, бұрыннан орнатылған құрылғыларға да қатысты.

Алматы қаласында да су есептегіш құралдарын орнату мен пайдалануға қатысты жаңа ережелер енгізілуде.

Ашық дереккөздерге сәйкес, қала тұрғындары тәулігіне орта есеппен 120–150 литр су тұтынады. Сонымен қатар,



ЗЕРДЕ

Бүгінгі әдебиетте ақын Сараның Бсіңділері есебінде есім-сойы жиі аталатын Мәриям Хакімжанова, Фариза Оңғарсынова, Қанипа Бұғыбаева, Күләш Ахметова, Марфуға Айтхожина, Ақшатап Бақтыгереева, Ханбibi Есенқарақызы – өз алдына үлкен бір шоғыр.

Дастан
ҚАСТАЙ

Қолына қаламының сиясы мен қазанының күйесі қатар жұққан ақын-аналарымыз ұлттық әдебиетіміздің шұрайлы жазирасында құлпырған қызғалдақтай гүл ашты, өлең өлкесіне айрықша рең үстеді, сұлулық пен парасат дарытты. Сол бір үлкен шоғырдың қай-қайсына назар тіксең де, жұтаң жаныңа дауа табасың, тірмізік танымына тағылым үстейсің. Тұтас өнегеге тұнып тұр. Тек сол қылдай жіңішке жаны, болаттай берік болмысы бар ақындар әлемінің байырқалы-берекелі шалғынға бойласаң жетіп жатыр.

Ал ақын аналарымыздың жыр ғана емес, заң да жазып, Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекетке айналуына үлес қосқанын білеміз бе? Поэзия падишасы атанған қазақтың белгілі ақыны Фариза Оңғарсынова 2001 жылы «Алматы ақшамы» тілшісіне берген бір сұхбатында: «Менің туып-өскен жерім – Атырау облысы. Жерінің асты – мұнай, теңізі – балық, ал халқының тұрмысы адам айтқысыз төмен. Жұрттың психологиясы қызық қой, олардың ойынша, «ел басындағылар біздің қиын тірлігімізді білмейді, оларға ешкім жеріне жеткізіп айтпайды, біздің жағдайымызды айтып, араша түсетін Фариза бар – соны депутат етіп сайлаймыз» деп Алматыда тұратын маған кісі салып, қайта-қайта хат жазып, өтініш жасады. Менің дүниеде сескенетін бір-ақ нәрсем бар: ол – халықтың аппақ ниеті, көңілі. Сондықтан «Фариза шырағым, баяғыдан бері өзіңнің ақын екеніңді таныттың, ризамыз. Енді бір мезгіл бізге қызмет ет» деген қариялардың тілегін аттай алмай, депутат болуға келісім бердім» дейді.

Фариға Оңғарсынованың депутат болған жылдар – Қазақстан Республикасы дамуының ұлттық модельдері қалыптасып жатқан кезең еді. Ақын «Қазақстан Республикасындағы баланың құқығы туралы», «Ана мен баланы қорғау туралы» деген екі заң жобасын жазып шықты. Қазақстан кеңестігінде өмір сүріп жатқан балалардың құқығын қорғауға бағытталған заң бірден мақұлданды.

БАЛА ҚҰҚЫҒЫН БАЙЫПТАҒАН

А ҚҰЛЖА - А ҚА



Бала мен қария – ерекше қамқорлық пен қолдауды қажетсінетін әлеуметтік топ. Бала денсаулығын нығайту, сапалы білім беру, кішкенеде ұлттық танымы мен сыни зердесін қалыптастыру – қашан да мемлекеттік мүддеміз әрі ұзақмерзімді стратегиямыз болуға тиіс. Мұны Фариза Оңғарсынова апамыздың арыдан ойлап, алғаш болып байқағанын көруге болады.

Американың белгілі психологі Абрахам Маслоу да өз еңбегінде дамыған қоғамның белгілерін ашып жазады. Оның тәпсірлеуіне қарағанда, жеке адамның табысы уақыт өте келе бүкіл қоғамға пайда әкеледі. Адамдар бір-біріне көмектесу арқылы өседі. Мұндай

қоғамда «менің жеңісім – сенің де жеңісің» принципі жұмыс істейді. Демек, бала құқығын қорғауға, оның танымына ізгілік, адамгершілік дәнегін себуге, тұлға ретінде толық дамуына жағдай жасауға мемлекет мүдделі болуға тиіс. Оның үстіне, «Ел ертеңі – бүгінгі ұрпақ» деген жәй ғана айтыла салған қызыл сөз емес. Шын мәнінде де, ұзақмерзімді бағдарлаудың бір сипаты. Ақын Фариза Оңғарсынова жазған заңда балалардың құқығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, бала құқықтары сақтауға мән беру жайы ерекше аталады. Сондай-ақ, заңның мынандай басымдықтары бар:

1) балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау басымдығы;

2) балалардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту;

3) әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде жоғары адамгершілік қасиеттерді, патриотизм мен азаматтық қасиеттерін дамыту, ұлттық сана-сезімді қалыптастыру.

Қазіргі ғаламдасу жағдайында балалардың рухани әлеуетін байыту ғана емес, оларды ұстамды, биязы, елгезек, кішіпейіл, ұғынымпаз етіп тәрбиелеу де маңызды. Ең алдымен, балаларымыз кішкенеде қауіпсіз қоғамда өмір сүріп жатқанын сезініп өсуі керек. Егер бала мұның бірін де сезінбесе, шығармашылық дамуы, ой-өрісі тежеледі, дүниетанымы дағдарады. Балаға қауіпсіз ортада өсіп келе жатқанын түсіндірудің бір жолы – мейірімді болу.

Фариза Оңғарсынованың ең жақыны, жанашыр немересі Анига Оңғарсынова бір сұхбатында: «Әжем бауырларын өзінен артық жақсы көрді. Өйткені, оның екінші аты –

мейірім еді. Кейін «Фариза» есімінің мағынасын іздеп көргенімде «серт», «қарыз», «міндет» дегенді білдіретінін түсіндім. Ол кісінің өмірін осылай құруына есімінің де байланысы болған шығар деп ой түйемін», – дейді. Өз халқына адал қызмет етуді парызым деп білген ақынның да балажан болғаны, балаларға жиі ертегі, аңыз-әңгіме айтып беретіні турасында жазылған естеліктер көп. Өзі де кішкентайынан әжесінің, анасының мол тәлімін сіңіріп өседі, ақын-жазушылардың өсиетін көп тыңдайды.

Бұл жайлы бір сөзінде: «Алматыны сағынбау мүмкін емес. Өйткені, менің жастық жылдарым, ақын ретінде танылуым, әдебиет деп аталатын құпия әлемнің есігін ашуым, қазақтың марқасқа ақын-жазушыларының өсиетін естіп, әдеби жиындарға қатысуым, рухтас достармен табысуым – осының бәрі Алматыда болған. Әлемдік әдебиет мәселелеріне байланысты Жер шарының әр нүктесінде өткен халықаралық форумдарға аттандырған да Алматы. Алматыны сағыну – жастық кезіңді, жақсы көрген, жек көрген сезімдеріңді сағыну. Бұл – әр адамның басында болатын көңіл күй шығар деймін», – деп толғанады. Фариза Оңғарсынованы Алматыдағы әдеби орта шеңберінің ішінде ғана өмір сүрді деп айту қиын. Депутат болып жүріп те қоғамдағы кез келген түйткілге назар аударып білді. Халықаралық компанияларда еңбек етіп жүрген қазақстандық жұмысшылардың өз еншісін дұрыс ала алмай жатқанына жаны ауырды.

Әдетте, ақын жаны аса сезімтал келеді. Сол сезімтал жанына батқан қоғамдағы көп түйткілді салқын санаға салып шеше білу – азаматтық белеске шыққанмен тең. Фариза ақынды азаматтық биікке көтерген тұғыр – халықтың аппақ ниетіне сай болайын деген ұстанымы. Өзі өмірден өтіп кетсе де, сол бір нық ұстанымынан туған өміршең заңы әлі күнге дейін іске жегіліп жатыр. Қазір мектептен шығып, көшеде емін-еркін күліп-ойнап, достарымен бірге алаңсыз үйіне қайтып бара жатқан әр баланың күлкісінде Фариза Оңғарсынова мейірімнен туған заңның сәулесі бар.

ҰЛТТЫҚ ҰЛАН

ҚР ИІМ Ұлттық ұланының Алматы қаласындағы 5571 әскери бөлімінің мерзімді әскери қызметшісі Әзиз Темірбек жауынгерлік міндетін абыроймен орындап, ұлттық өнерді насихаттап жүрген жас таланттардың бірі.

Нұржамал
ӘЛІШ

САРБАЗ 100-ГЕ ЖУЫҚ КҮЙ БІЛЕДІ

18 жастағы сарбаз Сыр өңірінде дүниеге келген. Бала кезінен домбыраға әуес болып өскен ол мектеп қабырғасында алғашқы ұстазы Гүлназ Сералиевадан күй өнерінің әліппесін үйренеді. Кейін Қызылорда қаласындағы Қазанғап атындағы музыкалық жоғары колледжінде білім алып, ұстазы Жансұлтан Жұмабектен күйшілік шеберлігін шыңдайды.

Бүгінде ұландық жауынгер 100-ге жуық күйді жатқа біледі. Оның орындауындағы әйгілі «Сарыарқа», «Серпер», «Ақсақ киік», «Төрмұрат», «Байжұма» сынды туындылар ерекше әсер қалдырады. Әзиздің айтуынша, танымал күйлердің басым бөлігін ол нота арқылы меңгерген.

– Домбыра мен үшін халқымыздың мәдениетін, салт-дәстүрін айқындайтын қасиетті мұра. Әскер қатарында жүрсем де, «Сыр елі, жыр елі» деп ерекшеленетін Сыр күй мектебі өкілдерінің ізін жалғап жүргеніме қуаныштымын, – дейді қатардағы жауынгер.

Қазіргі уақытта Әзиз әскери бөлімнің құрамында Алматы қаласының қоғамдық тәртібін қамтамасыз етіп, азаматтардың қауіпсіздігін күзетуде. Ал бос уақытында қаруластарының өтінішімен домбырасын қолына алып, өзі білетін күйлерді тамылжыта орындап береді. Оның әсерлі орындауындағы күйлер сарбаздардың көңіл күйін көтеріп, жауынгерлік рухын арттыра түседі.

САРБАЗ

БАТЫЛ РУХҚА БІТКЕН СЕРТ

Алматыда әскерге шақыру науқаны басталды

Шаһарда көктемгі әскерге шақыру науқаны жүріп жатыр. Азамат есебіндегі борышын өтеуге аттанған жас сарбаздар сап түзеп, салтанатты түрде әскерге аттанды. Іс-шара Қорғаныс істері жөніндегі департамент бөлімінде ұйымдастырылды.

Бұл жолы 40-тан астам алматылық жас азамат Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Шекара қызметі әскери бөлімдеріне жол тартты. Асқақ әуен, шалқар күй шапағатын таныта отырып ашылған жиынға әскери басқару органдарының өкілдері, ардагерлер, атқарушы билік өкілдері, ата-аналар және «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының мүшелері қатысты.

Алматы қаласы, Қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының тәрбие және идеология жөніндегі орынбасары, подполковник Естаев Нұржан Нұрсәлімұлының айтуына қарағанда, әскерге шақырылған жастар жан-жақты іріктеуден өткен.

– Әрқайсысы толық медициналық тексеруден, моральдық-психологиялық іріктеуден және тиісті тестілеуден өтті. Сонымен бірге, әскери-патриоттық бағыттағы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сондықтан олардың азаматтық борышын абыроймен атқаратынына сенімдіміз, – деді ол.

Іс-шарадағы ең әсерлі сәттердің бірі – жас сарбаздардың жалынды сөздерін ортаға салғаны, туған-туыстарының ақ тілеу, ізгі ниет танытқаны. Солардың қатарында шақырылушы Исламбек Хамитовтың анасы, «Алтын алқа» иегері, тоғыз баланың анасы Айжан Чанашова да бар.

– Ұлымының әскерде жүріп шыңдалып, Отан алдындағы азаматтық борышын абыроймен өтеп ораларына кәміл сенемін. Балам ақылға салып, саналы түрде әскерге аттанып отыр, – деді Айжан Кербулаққызы.

Айта кетелік, мұндай салтанатты рәсімдер жас азаматтар өміріндегі маңызды кезеңнің басталғанын айғақтап, өндіре жігіттерді отансүйгіштікке баулиды, әскери қызметтің маңызын ұғынуға үндеп, намысын жаниды.

Дастан ҚУАНДЫҚҰЛЫ.



Ұлттық спорт – ұрпаққа аманат

Алматыдағы Наурыз мейрамы ұлттық құндылықтармен астасып, тұрғындардың қызығушылығын арттырды. Қалалық Білім басқармасының бастамасымен өткен мектеп оқушылары арасындағы ұлттық спорт түрлерінің фестивалі жас ұрпақтың дәстүрге деген құрметін айшықтап, нағыз рухани әрі спорттық мерекеге айналды.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ



Фестивальге мегаполистің барлық сегіз ауданынан жиналған оқушылар қатысып, өзара бақ сынасты. Бәсекелі жарыстың бағдарламасы мазмұнға бай болды. Қатысушылар «Асық ату», «Бес асық» секілді ептілік пен мергендікті талап ететін ойындарда өз шеберліктерін көрсетсе, «Тоғызқұмалақ» арқылы логикалық ойлау қабілеттерін сынады. Сонымен қатар, «Бала Толағай» эстафетасы мен «Арқан тарту», «Бұқа тартыс», «Серке көтеру», «Ләңгі ату» сынды ұлттық ойындар жарысқа қызу серпін берді.

Алматы қаласы Білім басқармасының қалалық дене шынықтыру орталығының директоры Бахтияр Елемесовтің айтуынша, бұл іс-шара Наурыз мейрамы жоспары аясында, 20 наурыз – «Ұлттық ойындар» күніне орай ұйымдастырылған.

– Бүгінгі іс-шарамызға қаланың 8 ауданынан мектеп оқушыларының құрама командалары қатысып отыр. Жалпы саны 200-ге жуық қатысушы бақ сынауда. Фестиваль барысында асық ату, бес асық, арқан тарту, бұқа тартыс, серке көтеру, ләңгі ату сынды ұлттық спорт түрлері қамтылды. Барлық жеңімпаздар арнайы медальдармен марапатталады, – деді ол.

Бұл фестиваль жәй ғана жарыс емес, ұлттық дәстүр мен дәстүрлі спорттық ойындарын жаңғыртып, жас ұрпаққа танытатын маңызды іс-шара болды.

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Сананы жаңғыртқан жарыс



Рая
ЕСКЕНДІР

Бұқаралық спорт – мемлекеттік саясаттың басты басымдығы. Биыл Алматыдағы Наурыз мейрамындағы барлық мерекелік іс-шара ұлттық спорт пен салауатты өмір салтын насихаттауды мақсат етті. Жетісу ауданында өткен «Ұлттық ойын – ұлттық қазына» атты ауқымды спорттық-мәдени фестиваль да соның жарқын көрінісіне айналды.

Наурыз мерекесі аясында өткен спорттық іс-шараға мектеп оқушылары, жастар, ардагерлер мен аудан тұрғындары қатысты. Мерекелік ауқымды іс-шара Наурыз-дағы тек табиғаттың жаңаруы емес, ұлттық сананың да жаңғыруының символына айналғандай.

Халқымыз үшін ұлттық ойынның орны ерекше, әрі күнделікті өмір салтының ажырамас бөлігі. №118 гимназия мен «Айнабұлақ» спорт кешенінің аралығында орналасқан алаң бір сәтте ұлттық спорттың орталығына айналып, қала тұрғындарының басын қосты.

«Спорт – достық алаңы» жобасы аясында өткізілген бұл іс-шара ұлттық құндылықтарды қазіргі қоғаммен байланыстырудың тиімді тетігіне, ал «Айнабұлақтың Арбаты» ұлттық рухтың алаңына айналды.

Абу-Дабиден жеткен жүлде

Елімізде «Ардагерлердің волейбол федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігі бар. Біраздан бері жұмыс істеп келеді. Оның құрамындағы Алматы филиалы да қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық түрлі байқауларда топ жарып жүр.



Нұржамал
ӘЛІШ

Жалпы, ардагер волейболшылар федерацияның басты мақсаты – волейбол спортын аға буын спортшылар арасында кеңінен насихаттау, олардың да уақытын тиімді өткізуіне, спортпен айналысуына мүмкіндік туғызу, сондай-ақ салауатты өмір салтын, бұқаралық спортты дәріптеу, сол арқылы ардагерлердің өзара достық қарым-қатынасын нығайту.

Құрамында кәсіпкер, әскери маман, профессор, генерал, дәрігер, еңбек адамы да бар Қазақстанның

«Номад» ардагер волейболшылар құрамасы жуырда БАӘ-нің астанасы Абу-Дабиде өткен Open Masters Games халықаралық жарысында бірінші орын алып келді. Олар 55+ категориясында бақ сынағандар.

Ал Қазақстан құрама командасының сапындағы 65+ категориясы бойынша ойнаған тоғыз ойыншының төртеуі алматылық, яғни Тілеуқабыл Сахипов, Ғайнидин Меманов, Александр Пархоменко және Ғизатолла Жайтеміров. «Ардагерлердің волейбол федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы қаласы филиалының директоры Амра Шалбарбаев бапкерлік еткен бұл команда Моңғолия құрамасынан кейінгі екінші жүлделі орынды қанжығасына байлады.

«Біздің ардагерлер классикалық



волейболда да, жағажай волейболында да тамаша ойын өрнегін көрсетті. Біз 65+ категориясында екінші орынды иеленген болсақ, 55+ категориясындағы мықтыларымыз бірінші тұғырға көтерілді. Жасы жетпістен асқан ақсақалдарымыздың өзі Ресей, Польша командаларымен тартысты ойнады. Олар әлі де аттан түсе қоймайтындарын, әлі де болса спортпен қоштасудың ерте екенін тағы бір дәлелдеді десек болады. Бұл ардагер-

леріміздің өздерінің сонау жастық шақтан серік болып келе жатқан хоббиіне деген құштарлығының, адалдығының тағы бір дәлелі.

Осы жетістігіміз кейінгі ұрпаққа сөзсіз тәрбие, үлгі. Осындай жарыс келесі жылы Италияда өтеді. Одан да қалмаймыз деп отырмыз», – дейді «Ардагерлердің волейбол федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы қаласы филиалының мүшесі Тілеуқабыл Сахипов.



МЕРЕКЕЛІ АЛМАТЫ

Алматыда 2026 жылғы Наурыз мейрамын тойлау бұрын-соңды болмаған ауқымда өтіп, дәстүр, заманауи технологиялар мен қалалық іс-шаралардың жаңа форматтарын ұштастырды. Мегалполисте 200-ден астам іс-шара ұйымдастырылып, оған 800 мыңнан астам адам қатысты, ал онлайн аудитория 3 миллионнан асты. Мерекені ұйымдастыру мен өткізуге 500-ге жуық мәдениет және өнер қайраткері атсалысты. Негізгі мерекелік алаңдар «Астана» және «Абай» алаңдары, Панфилов жаяу жүргіншілер көшесі, «Арбат», «Атакент» аумағы, Тұңғыш Президент саябағы мен Алматы ипподромы болды. Шаһардың мерекелік іс-шараларын тілшілер топтамасынан оқи аласыз.



ШАҺАР ДЫ ШАТТЫҚҚА БӨЛЕГЕН Наурыз

«Астана» алаңы
Мерекелік алаңда рухани құндылықтар мен заманауи технологияны байланыстыруға ерекше көңіл бөлінді. Келушілер арнайы тігілген 6 тақырыптық киіз үйді аралады. Оның ішінде «Ұлы дала әуені» киіз үйінде тарихи тұлғалардың музыкалық аспаптары ұсынылды. Робо-киіз үйде қонақтар робототехника бойынша жаңашыл жобалармен танысса, DIGITAL 360 киіз үйінде қабырға мен еденде орнатылған LED-экрандардан жиі көмегімен жасалған бейнероликтерді тамашалады. Өзгелерінде этно-тарихи мұралар көрнекіленді.

«Абай» алаңы
Шаһардың мерекелік басты алаңында концерттік бағдарламалармен қатар түркі халықтарының көрмесі, түрлі мазмұндағы мерекелік іс-шаралар кезегімен ұйымдастырылды. Қала тұрғындары үшін ұйымдастырылған мерекелік концерт қатарынан 5 күнге жалғасты. Қазақ эстрадасының танымал жұлдыздары дерлік «Абай» алаңында алматылықтарға мерекелік шашу шашты.

Ал түркі халықтарының көрме-жәрмеңкесі Алматы қаласы әкімдігінің және ТҮРК-СОИ халықаралық ұйымының қолдауымен өтті. Оған Түркия, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан және басқа елдер-

ден келген шеберлер мен шетелдік қонақтар қатысты.

Арбат маңы
Панфилов көшесінің жаяу жүргіншілерге арналған бөлігі ашық аспан астындағы мерекелік алаңға айналды. Мұнда әркім өзіне ұнаған қызықты істі таба білді. Балалар үшін кинетикалық құммен жабдықталған дамыту аймағы жұмыс істеді. Айналаны күлкі көрнеп, ата-аналар балалары жасаған шағын туындыларын сүйсіне тамашалады. Жастар «Ойна, шоу» интерактивті бағдарламасына белсенді қатысып, түрлі байқауларға қатысып, жүлделі орын алды.

Шапан киген робот – Темірбек

АЛМАЛЫ АУДАНЫ.

М.Ганди атындағы саябақта өткен концерттік бағдарламада аты аңызға айналған әншіміз, Халық әртісі Роза Рымбаева жұрт көңілін тербеді. Сондай-ақ, «Алашұлы» тобы мен Нұрғиса Тілендиев атындағы «Отырар сазы» ұлттық аспаптар оркестрі өнер көрсетті. Шапан киген робот-Темірбектің музыка ырғағынан қалмай билеген әсем биі де көпшіліктің ықыласына бөленді.

Саябақ аумағынан орын тепкен киіз үй-

лер де, алтыбақан тепкен жастар да той-думанғы санін кіргізді. Ал қолөнер жәрмеңкелері келушілерге мәдени мұрамызбен тереңірек танысуға және мерекенің атмосферасынан ләззат алуға мүмкіндік берді.

Сайран жағасында...

ӘУЕЗОВ АУДАНЫ.

Айтұлы мерекенің ауқымды бағдарламасы аудан тұрғындары үшін Сайран көлі жағасында ұйымдастырылды. Онда Нұрлан Албан, Қайрат Түнтөков, Кенжебек Жанәбілов, Ернар Айдар, Диана Шарапова, сондай-ақ этно-рок бағытындағы Шұтау тобы мен жас орындаушылар өнер көрсетті. Мерекелік бағдарлама тек концертпен шектелмей, этно-гастрофестиваль ұйымдастырылып, ұлттық тағамдарды дәріптеп жүрген үздік мейрамханалар мен дәмханалар өз өнімдерін көпшілікке ұсынды. Этноауыл бой көтеріп, онда онға жуық киіз үй тігіліп, әрбірінде мерекелік дастархан жайылған.

«Сайран көлінің жағасында Наурызды қарсы алу біз үшін ерекше әсер сыйлады. Ұлттық дәстүрлер кеңінен насихатталып жатыр. Баршаңызды Наурыз мерекесімен құттықтаймын», – деді мерекеге Алматы облысы, Ұзынағаш ауылынан арнайы келген Сұлшаш Рахмет.

Әлемдік екі рекорд

ЖЕТІСУ АУДАНЫ.

Алматы ипподромында қалалық Спорт басқармасы мен Ұлттық және ат спорты түрлерінің клубы ұйымдастырған Наурыз мерекесі де дубірлеп өтті. Бұл күнгі бағдарламада ежелгі дәстүрлер мен заманауи спорттық драйв үйлесім тапты.

Динара Сайдалина желіп келе жатқан түйе үстінде отырып садақ арудан әлемдік рекорд орнатты. Дәлірек айтсақ, ол жөбесін 10 секунд ішінде төрт нысанаға да дәл тигізді. Ал Айқасқа атының үстінде тікесінен, қолының көмегімен тік тұрып желмен жарыса шапқан Ернар Жасузақ 500 метр қашықтықты 43,331 км/сағ жылдамдықпен жүріп өтіп, рекорд орнатты. Екі нәтиже де кәсіби лазерлік жабдықтың көмегімен расталып, әлемдік деңгейде ресми бекітілді.

Түйелер керуені

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ.

«Атакент» көшенің алаңына жиналған жұртшылықтың назарын эко-түйе мүсіндері аударды. Қайта өңделген материалдардан жасалған «Түйелер керуені» инсталляциясы бізге әр затты саналы тұтыну керектігін және табиғатқа ұқыпты қарауды меңзейді.

Сондай-ақ, кешен алаңында пластикалық құбырлардан жасалған тайқазан орнатылған. Бұл дәстүрдің апсайлинг рухында жаңаша мәнге ие болған бейнесі деп түсіндірілді шеберлер. Мерекеді ерекше орын алған тағы бір іс-шара – қайырымдылық бағытындағы «Аналарға бірге көмектесейік» дармаркасы. Онда мұқтаж отбасылардың игілігі үшін деп түрлі заттар жиналды.

Жедел фото

ТҮРКСІБ АУДАНЫ.

Сәкен Сейфуллин атындағы саябақта «Қыдыр ата» сахналық қойылымы көрермендерін ежелгі аңыз-афсаналар әлеміне саяхат жасатты. Мерекенің нағыз хиті жасанды интеллект көмегімен бейнеңізді әп-сәтте түсіріп беретін «Жедел фото» аймағы болған сыңайлы. Алаңға жиналған барлық адам мерекелік жарқын күннің естелігі ретінде жамырай суретке түсіп жатты.

– Отбасымызбен осы саябақта күнде сөйіл құрғанды ұнатамыз. Наурыз мейрамының қызығын тамашалауға да бала-шағаммен келдім. Бізге «жедел фото» аймағы өте унады. Қазіргі заманауи технологияның, жасанды интеллектінің қуатына таңданбасқа шараңыздық жок, – дейді әсерімен бөліскен алматылық Түрсын Қонақбаев.

Мерекелік қалашық

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ.

№221 мектеп жанындағы мерекелік қалашықта «Емшілер» ауылы, «Арғымақ», «Ынтымақ», «Аманат» ауылдары деп аталған 10-нан астам киіз үй тігіліп, әртүрлі аймақтарға бөлінді. Тұрғындар бір бөлігінде арқан тартып, күш сынаса, енді бірінде алтыбақан теуіп, көңіл көтерді. Қол күрес, садақ ату, ләңгі тебу, қазақ күресі, асық ату, арқан тартысы сынды ұлттық спорт түрлерінен де сайысқа түсті. Қолөнер және этно өнімдер көрме-жәрмеңкесі, сондай-ақ фотоаймақ пен фотобудка, акварим аймақтары ұйымдастырылды.

Алаң төрінде концерттік бағдарлама кешкі 17.00-ге дейін жалғасты. Онда «Арай» хоры ансамблі, мәдениет қайраткері Дүйсебай Шаштайұлы, «Отырар сазы» мемлекеттік академиялық фольклорлық-этнографиялық халық аспаптары оркестрі, «Ұлытау» тобы мен «Алашұлы» өнер көрсетті.

Ең үлкен шаңырақ

Наурызда биіктігі 11 метрден асатын, ал диаметрі 20 метр болатын ең үлкен Шаңырақ Global best of Records әлемдік рекордтар

Алматылық рекордшылар



қатабына енді. Оған арнайы тігілген ұзындығы 100 метрден асатын сырлы сырмақ та жұртшылық назарын аударды.

«Global best of Records – Гиннестің рекордтар кітабының қатар аталатын, әлем бойынша төрт айтулы рекордтар кітабының екіншісі. 89 елді біріктіреді», – деді Азия және Африка елдеріндегі рекордтарды тіркеу бөлімшесінің бас офицері Қуандық Құдайбергенов.

Ол 100 метрлік сырлы сырмақты рекордтық көлемде дайындаған шеберлер тобын да марапаттады. Тарихи сәттің куәсі болған алматылықтар мен мегалполис қонақтары көздің жауын алған әдемі әрі ең үлкен Шаңырақ аясында selfie жасап, суретке түсіп жатты.

Қуыршақтар балаларды қуантты

Жібек жолы жүргіншілер аймағында Алматы мемлекеттік қуыршақ театрының ұжымы «Жақсылықтың жаршысы – аз-Наурыз» атты ойын-сауық бағдарламасын ұсынды. Онда қуыршақтар, жіпке ілінген марионеткалар, айрықша образдағы таяқ қуыршақтар өнер көрсетті. Сөйтіп, ашық аспан астындағы мерекелік қойылымда кішкентай көрермендеріміз халық ертегерінде жиі кездесетін ұлттық кейіпкерлерімізбен қауышты.

«Біз қуыршақтар арқылы ұлттық кейіпкерлерді заманауи форматта насихаттауды, сол арқылы балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыруды және отбасылық мәдени демалысты дамытуды көздедік», – дейді

Алматы мемлекеттік академиялық қуыршақ театрының директоры Алматы Амангелді.

«Тазару күнінің» флешмобы

«Наурызанама» декадасы Астана алаңында «Тазару күнімен» қорытындыланды. Көрермендер назарына театрландырылған қойылымдар, заманауи би перформанстары, вокалдық шығармалар, әлеуметтік мәні бар сахналық көріністер ұсынылды.

Мерекелік концерттен кейін мәдени іс-шараның жалғасы ретінде «Таза ой – Таза қоғам» атты ауқымды флешмоб ұйымдастырылды. Оған 500-ден астам жас қатысып, «тазару» ұғымының тек қоршаған ортаны тазарту ғана емес, сонымен қатар адамның ойы мен ниетінің тазалығын білдіретін маңызды құндылық екенін көрсетті. Сондай-ақ, Алматы жастары сол күні әлеуметтік желілерде «Өзіңнен баста» челленджіне іске қосып, әр адам тазалық пен тәртіпті алдымен өзінен бастауға, қаланы аялауға үндеді.

Жалпы, 2026 жылы Алматыдағы Наурыз мерекесі дәстүрлі мейрамның жаңа форматтағы ірі қалалық оқиғаға айналғанын көрсетті. Рекордтар, цифрлық технологиялар, халықаралық мәдени байланыс пен қала тұрғындарының белсенді қатысуы мерекеге ерекше серпін берді. Ал жас өнерпаздардың өнері бұл мейрамның жаңа буынын жалғасып жатқанын айқын аңғартты.

Әзірлеген ТІЛШІЛЕР ТОБЫ.





Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 26 наурыздағы №1/1-369 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Құрылыс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 17 ақпандағы №2178СЛ хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Ортақ пайдалану объектісін салу үшін (ЭКСПО) Алматы қаласы, Медеу ауданы, Құлжа тас жолының шығысында орналасқан 3 (үш) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Құрылыс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 26 наурыздағы №1/1-369
қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1.	«MyCar Almaty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-062-007	Құлжа тас жолы, 92	0,5600
2.	Насибов Чингиз Лямиязович, Насибова Халида Рагимовна	20-315-062-269	Құлжа тас жолы, 70/2	0,1470
3.	Козлова Олеся Васильевна	20-315-062-285	Қорғас-Алматы автотрассасы	0,2500

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 26 наурыздағы №1/1-370 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 8 қаңтардағы №56.1-56.03/31-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Автобус паркінің құрылысы үшін, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Соқпақбаев көшесі, 72 мекеңжайында орналасқан 1 (бір) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 603-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 26 наурыздағы
№1/1-370 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1.	«Автокомбинат №4» акционерлік қоғамы	20-321-024-023	Соқпақбаев көшесі, 72	жалпы – 5,5649 үлесі – 0,8050
2.	«Автокомбинат №4» акционерлік қоғамы	20-321-024-023	Соқпақбаев көшесі, 72	жалпы – 5,5649 үлесі – 4,7508

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 26 наурыздағы №1/1-371 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес және «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 10 наурыздағы №34.1-34.04/355-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Жеңіл релесті көліктің бірінші желісінің бірінші кезегін салу үшін («Алматы-2» теміржол вокзалынан Мөңке би көшесіне дейін), Алматы қаласы, Жетісу, Алмалы, Әуезов және Алатау аудандарының аумағында орналасқан 270 (екі жүз жетпіс) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 26 наурыздағы
№1/1-371 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

№ р/с	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1.	«K3 Group Invest» (K3 Групп Инвест) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-311-002-291	Төле би көшесі, 153/5 учаске	0,0001
2.	«J & E» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-311-002-327	Төле би көшесінің солтүстігі, Жұмалиев көшесінің батысы	0,0001

3.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-311-002-390	Төле би көшесінің солтүстік жағында, Нұрмақов көшесінің батысы	0,0105
4.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-311-002-391	Төле би көшесінің солтүстік жағында, Нұрмақов көшесінің батысы	0,0005
5.	«Business Assistance» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-311-003-194	Төле би көшесінің солтүстігі, Қожамқұлов көшесінің шығысы, нөмірі жоқ учаске	0,0012
6.	«K3 Group Invest» (K3 Групп Инвест) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-311-003-271	Төле би көшесі, 135/5 учаске	0,0001
7.	«Диал-Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-311-004-426	Қазыбек би көшесі, 90/4 учаске	0,3570
8.	«Business Assistance» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-311-005-130	Төле би көшеінің солтүстігі, Желтоқсан көшесінің батысы, нөмірі жоқ учаске	0,0001
9.	«K3 Group Invest» (K3 Групп Инвест) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-311-005-177	Төле би көшесі, 71/1 учаске	0,0001
10.	«Алматы қаласы Қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	20-311-005-199	Төле би көшесі, 111/11 учаске	0,0039
11.	«РТС Деко» акционерлік қоғамы	20-311-005-275	Желтоқсан көшесі, 111/11 учаске	0,0003
12.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-311-005-290	Сейфуллин даңғылы, 472/10 учаске	0,0076
13.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-311-005-342	Төле би көшесінің солтүстік жағында, Желтоқсан көшесінің батысы	0,0065
14.	«K3 Group Invest» (K3 Групп Инвест) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-311-006-128	Абылай хан даңғылы, 75/1 учаске	0,0001
15.	«Business Assistance» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-311-006-140	Төле би көшесі, 63/1 учаске	0,0001
16.	«Business Assistance» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-311-006-141	Қазыбек би көшесі, 67/5 учаске	0,0001
17.	«Алматы қаласы Қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	20-311-006-148	Абылай хан даңғылы, 75/5 учаске	жалпы-0,0743, иеліктен шығарылатын ауданы-0,0080
18.	«Алматы қаласы Қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	20-311-006-149	Абылай хан даңғылы, 75/11 учаске	0,0052
19.	«Media Outdoor» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-311-006-182	Желтоқсан көшесі, 111/6 учаске	0,0004
20.	«РТС Деко» акционерлік қоғамы	20-311-006-205	Абылай хан даңғылы, 75/7 учаске	0,0009
21.	«РТС Деко» акционерлік қоғамы	20-311-006-228	Абылай хан даңғылы, 74/8 учаске	0,0006
22.	«РТС Деко» акционерлік қоғамы	20-311-006-249	Төле би көшесі, 97/11 учаске	0,0006
23.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-311-006-255	Абылай хан даңғылы, 74/24 учаске	0,0054
24.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-311-006-258	Абылай хан даңғылы, 74/23 учаске	0,0101
25.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-311-006-260	Абылай хан даңғылы, 75/3 учаске	0,0021
26.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-311-006-270	Абылай хан даңғылы, 91/4 учаске	0,0097
27.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-311-006-271	Абылай хан даңғылы, 76/23 учаске	0,0624
28.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-311-006-276	Абылай хан даңғылы, 74/4 учаске	0,0095
29.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-311-006-278	Әйтеке би көшесінің оңтүстігі, Абылай хан даңғылының шығысы	0,0016
30.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-311-006-279	Абылай хан даңғылы, 81/6 учаске	0,0017
31.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-311-006-283	Әйтеке би көшесінің оңтүстігі, Абылай хан даңғылының батысы	0,0026
32.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-311-006-290	Төле би көшесі, 59/4 учаске	0,0136
33.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-311-006-291	Абылай хан даңғылы, 95/4 учаске	0,0108
34.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-311-006-293	Абылай хан даңғылы, 83/4 учаске	0,0055
35.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-311-006-302	Абылай хан даңғылы, 81/4 учаске	0,0092
36.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-311-006-310	Абылай хан даңғылы, 97/4 учаске	0,0085
37.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-311-006-311	Абылай хан даңғылы, 95/1 учаске	0,0043
38.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-311-006-312	Желтоқсан көшесі, 111/13 учаске	0,0097
39.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-311-006-315	Абылай хан даңғылы, 95/3 учаске	0,0041
40.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-311-006-316	Қазыбек би көшесінің оңтүстігі, Абылай хан даңғылының шығысы	0,0074
41.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-311-006-319	Абылай хан даңғылы, 79/4 учаске	0,0100
42.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-311-006-321	Абылай хан даңғылы, 83/5 учаске	0,0055
43.	«РТС Деко» акционерлік қоғамы	20-311-007-119	Төле би көшесі, 70/15 учаске	0,0002
44.	«РТС Деко» акционерлік қоғамы	20-311-007-155	Төле би көшесінің оңтүстігі, Желтоқсан көшесінің шығысы	0,0002



219.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-311-047-332	Гоголь көшесінің солтүстігі, Абылай хан даңғылының шығысы	0,0049
220.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-311-047-344	Мақатаев көшесінің оңтүстігі, Абылай хан даңғылының батысы	0,0044
221.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-311-047-348	Жібек жолы даңғылының оңтүстігі, Абылай хан даңғылының батысы	0,0026
222.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-311-047-352	Гоголь көшесінің солтүстігі, Абылай хан даңғылының шығысы	0,0090
223.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-311-047-360	Мақатаев көшесінің оңтүстігі, Абылай хан даңғылының батысы	0,0175
224.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-311-047-361	Гоголь көшесінің солтүстігі, Абылай хан даңғылының шығысы	0,0027
225.	«Алматы қаласы кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	20-311-047-365	Абылай хан даңғылы, 66/8 учаске	0,0002
226.	«Business Assistance» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-312-033-229	Өтеген батыр көшесі, 60/13	0,0004
227.	«Business Assistance» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-312-041-098	«Ақсай-1А» шағынауданы, 15/13 учаске	0,0005
228.	«ҚазТрансГаз Аймақ» акционерлік қоғамы	20-312-044-542	Момышұлы көшесі, Төле би көшесі	0,0002
229.	«РТС Декo» акционерлік қоғамы	20-312-044-559	«Ақсай-3» шағынауданы, 5/15 учаске	0,0004
230.	Бакенова Гаухар Тогаевна, Мерекенова Карлығаш, Еремкова Гулғайша Керімбаевна, Есалина Жумагул, Зикирьярова Гульбанам, Абаганова Гульмира Кабдешовна	20-312-045-057	Төле би көшесінің оңтүстігі, Момышұлы көшесінің шығысы	0,0190
231.	«ONE+ONE Almaty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-312-046-108	Төле би көшесі, 285/11 учаске	0,0002
232.	«Prior print» (сенімгерлік басқару) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-312-046-147	Төле би көшесінің солтүстігі, Өтеген батыр көшесінің батысы	0,0002
233.	«Vendome» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-312-046-193	Төле би көшесі, 296/4 учаске	0,0003
234.	«Terra Invest Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-312-046-199	Төле би көшесі, 298/15 учаске	0,0001
235.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-312-046-203	Төле би көшесі, 298/20 учаске	0,0710
236.	«Алматыэлектротранс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-314-033-020	Панфилов көшесі, 1А	жалпы-1,8232 иеліктен шығарылатын ауданы-0,3618
237.	«Алматыэлектротранс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-314-033-070	Теміржол вокзалы станциясы, нөмірі жоқ учаске	0,0049
238.	«Алматы қаласының шаруашылық басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-314-033-089	Панфилов көшесі, 4	жалпы-1,3638 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0231
239.	«Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамы	20-314-033-177	Абылай хан даңғылы, 1А	0,3673 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0210
240.	«Алматыэлектротранс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-314-033-218	Панфилов даңғылы, 3	жалпы-0,1412 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0136
241.	«Business Assistance» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-314-033-250	Абылай хан даңғылы, 16/7 учаске	0,0001
242.	«РТС Декo» акционерлік қоғамы	20-314-033-296	Абылай хан даңғылы, 1/8 учаске	0,0062
243.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-314-033-321	Абылай хан даңғылы, 3/5 учаске	0,0209
244.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-314-033-322	Абылай хан даңғылы, 13/5 учаске	0,0138
245.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-314-033-323	Абылай хан даңғылы, 18/5 учаске	0,0077
246.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-314-033-324	Абылай хан даңғылы, 23/22 учаске	0,0185
247.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-314-033-326	Абылай хан даңғылы, 23/5 учаске	0,0169
248.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-314-033-327	Абылай хан даңғылы, 8/4 учаске	0,0053
249.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-314-033-331	Райымбек даңғылының солтүстігі, Абылай хан даңғылының шығысы	0,0032
250.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-314-033-332	Абылай хан даңғылы, 8/5 учаске	0,0353
251.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-314-033-335	Абылай хан даңғылы, 1/6 учаске	0,0218
252.	Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	20-314-033-336	Абылай хан даңғылы, 2/5 учаске	0,0223
253.	«Алатау жарық компаниясы» акционерлік қоғамы	20-321-032-101	ВЛ110кВ 150А-151А, №8 тірек	0,0004
254.	Козленко Евгений Валерьевич, Ваганова Светлана Валерьевна, Козленко Ольга Николаевна	20-321-032-120	«Көкқайнар» шағынауданы, Әзірбайжан Мәмбетов көшесі, 1/38	жалпы-0,0691 үлесі-0,0231, 0,0230, 0,0230 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0407
255.	Лысович Анатолий Николаевич	20-321-032-121	«Көкқайнар» шағынауданы, Әзірбайжан Мәмбетов көшесі, 1/40	жалпы-0,0403 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0122
256.	Мустафаев Равиль Назимович	20-321-044-168	«Ғажайып» шағынауданы, 8 учаске	0,7290
257.	«BillboardVideo» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-321-050-054	«Нүркент» шағынауданы, 7/10 учаске	0,0006

258.	«Business Assistance» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-321-050-062	«Нүркент» шағынауданы, 22/7 учаске	0,0001
259.	«Business Assistance» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-321-050-063	«Нүркент» шағынауданы, 38/7 учаске	0,0002
260.	«Алматы қаласы кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	20-321-050-072	«Нүркент» шағынауданы, 7 учаске	0,0001
261.	«BillboardVideo» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-321-058-691	«Ақбулақ» шағынауданы, Хан Шатыр көшесі, 273/5 учаске	0,0006
262.	«BillboardVideo» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-321-058-692	«Ақбулақ» шағынауданы, Сейдолла Бәйтерек көшесі, 1/4 учаске	0,0006
263.	«Business Assistance» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-321-058-706	«Ақбулақ» шағынауданы, Чуланов көшесі, 129/8 учаске	0,0002
264.	«Almaty Publicity» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-321-058-726	«Ақбулақ» шағынауданы, Чуланов көшесі, 125/12 учаске	0,0001
265.	«Almaty Publicity» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-321-058-727	«Ақбулақ» шағынауданы, Хан Шатыр көшесі, 273/12 учаске	0,0001
266.	«Terra Invest Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-321-058-737	«Ақбулақ» шағынауданы, Хан Шатыр көшесі, 288/6 учаске	0,0002
267.	«Terra Invest Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-321-058-738	«Ақбулақ» шағынауданы, Чуланов көшесі, 147/12 учаске	0,0001
268.	«Terra Invest Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-321-058-739	«Ақбулақ» шағынауданы, Хан Шатыр көшесі, 288/12 учаске	0,0001
269.	«Terra Invest Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-321-051-1386	«Нүркент» шағынауданы, 46/6 учаске	0,0002
270.	«Terra Invest Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-321-051-1387	«Нүркент» шағынауданы, 46/12 учаске	0,0001

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 26 наурыздағы №1/1-372 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 14 ақпандағы №1/1-41 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 14 ақпандағы №1/1-41 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:
аталған қаулының қосымшасындағы:
реттік нөмірі 1 жол алынып тасталсын;
2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 26 наурыздағы №1/1-373 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер енгізілсін:
1) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2023 жылғы 24 тамыздағы №3/370-496: қосымшадағы:
реттік нөмірі 31 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

31.	Исмаилова Аида Исмаилжановна	20-312-047-226	«Достық» шағынауданы, Яссауи көшесі, 36	0,0300
-----	------------------------------	----------------	---	--------

»;
2) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 19 ақпандағы №1/1-320: қосымшадағы:
реттік нөмірі 45 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

45.	Чалагулов Курмангазы Нугужанович, Чалагулова Айша Курмангазиевна	20-321-027-013	Райымбек даңғылы, 295, 3А пәтер	жалпы-0,0912 үлесі-0,0289
-----	--	----------------	---------------------------------	---------------------------

»;
3) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 2 сәуірдегі №2/262-519: қосымшадағы:
реттік нөмірі 96 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

96.	Снабаев Меирамбек Зулпухарович	20-322-0005-756	«Қалқаман-2» шағынауданы, Аспандияров көшесі, 45	0,0850
-----	--------------------------------	-----------------	--	--------

»;
2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 26 наурыздағы №1/1-374 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер енгізілсін:
1) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2024 жылғы 29 тамыздағы №3/373-1790: қосымшадағы:
реттік нөмірі 8 жолы алынып тасталсын.
2) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 19 ақпандағы №1/1-320: қосымшадағы:
реттік нөмірі 17 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

17.	Примбетова Гаухар Еркиновна	20-321-057-256	Райымбек даңғылы, 517	жалпы-0,4540 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0294
-----	-----------------------------	----------------	-----------------------	---

»;
реттік нөмірі 101 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

101.	Ташбаева Бибигул Кошкарбаевна	20-314-036-053	Жангелдин көшесі, 37/65, 5 пәтер	жалпы-0,1119 үлесі-0,0185
------	-------------------------------	----------------	----------------------------------	---------------------------

»;
3) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 2 сәуірдегі №2/262-519: қосымшадағы:
реттік нөмірі 112 жолы алынып тасталсын.
4) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 27 маусымдағы №2/262-880: қосымшадағы:
реттік нөмірі 9 жолы алынып тасталсын.
2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ



РЕКОНСТРУКЦИЯ

«АЛАУ»

кішкентай пациенттерін
жаңарған келбетте қарсы алады

Алматыдағы «Алау» балалар оңалту орталығы қаладағы ең көне медициналық мекемелердің бірі. 1982 жылы ашылғаннан күні бүгінге дейін түрлі аурулардан кейін денсаулығын қалпына келтіріп жатқан балаларға көмек көрсетіп, мегаполистің денсаулық саласының маңызды бөлігі болып келеді.

«Алау» пульмонологиялық және соматикалық аурулары бар, сондай-ақ орталық жүйке жүйесінің бұзылыстары байқалатын балаларды қалпына келтіру емін жүргізуге маманданған. Мұнда кішкентай пациенттер қажетті медициналық көмекті тегін алады. Ауруханаға жатқызу Госпитализация бюросы порталы арқылы жүргізіледі.

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Марат Пашимов «Алау» балалар оңалту орталығына барып, жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмысының барысымен танысты. Орталықтың бөлмелерін аралап көрді және медициналық ұйым басшылығымен реабилитациялық қызметті одан әрі дамыту мәселелерін талқылады.

Ғимараттың күрделі жөндеуі былтырғы қыркүйекте басталған-ды. Кішкентай пациенттерін биылғы маусым айында жаңаша келбетте қарсы алуды көздеп отыр. Реконструкцияның негізгі мақсаты – балаларды емдеу мен оңалтуға арналған заманауи, қауіпсіз және жайлы орта қалыптастыру.

Модернизация аясында инженерлік коммуникациялар жаңартылып, ішкі бөлмелер жөнделуде, медициналық кабинеттер мен процедуралық залдар заманауи талаптарға сай қайта жабдықталуда. Балалар мен ата-аналар үшін жайлы жағдай жасауға, сондай-ақ оңалту бөлмелері мен медициналық жабдықтарды жаңартуға ерекше көңіл бөлінуде.

Жөндеу аяқталғаннан кейін «Алау» орталығы бұрынғыдан да функционалды және заманауи мекеме болады деп отыр мамандар. Медициналық реабилитацияның мүмкіндіктерін кеңейту, қалпына келтірудің жаңа әдістері енгізілмек.

Бүгінде орталықтың басты миссиясы – балаларға қалпына келтіру емінен өтуге көмектесу, денсаулығын нығайту және белсенді өмірге оралуға жәрдемдесу. Мұнда жыл сайын медициналық реабилитацияны қажет ететін жүздеген бала ем қабылдайды.

ЗАМАНАУИ ИННОВАЦИЯ

Жұлында ісігі бар қарияға
күрделі ота жасалды

№7 қалалық клиникалық ауруханасының нейрохирургия бөлімшесіне бел омыртқасындағы ауырсыну-ды, аяғының әлсіздігін айтып, шағымданған және жамбас мүшелерінің қызметі бұзылған 70 жастағы қария шұғыл түрде жатқызылды.

Дәрігерлер пациенттің кеуде тұсындағы омыртқа каналында ісік барын анықтады. Жаңа өскін жұлынды қысып тұрғандықтан, пациенттің екі аяғында айқын әлсіздік пайда болып, қозғалысы шектелген.

№7 қалалық клиникалық аурухананың директорының орынбасары, нейрохирург Марат Әлиевтің айтуынша, науқасқа нейромониторингі бар арнайы микроскопты қолданып, ісікті алып тастау бойынша шұғыл микрохирургиялық операция жасалып, сәтімен аяқталған.

Пациент оңалту курсынан өткеннен кейін өз бетінше жүре бастады. Уақыт өте аяғындағы әлсіздік азайып, жамбас ағзаларының функциялары қалпына келді.

Нейрохирургтар операция жасауға жұлынның жүйке жолдарының өткізгіштігін нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік беретін заманауи технологияны қолданды. Бұл инновация жүйке құрылымдарының зақымдануын болдырмайды. Дәрігерлердің «зергерлік» жұмысының арқасында өмірлік маңызды жүйке құрылымдарын сақтай отырып, ісік толығымен сылынып тасталды.

ЖАҢА ӘДІС

Медицинада кесарь тілігін жасардың «Бақытты Цезарь» деп аталатын жаңа әдісі бар. Бұл – хирургиялық жолмен босандырудың сол бұрынғы тәсілі, бірақ операция кезінде сәбидің дүниеге келу сәтін мүмкіндігінше табиғи босануға жақындату мақсатында ұйымдастырылған.



«БАҚЫТТЫ ЦЕЗАРЬ»

немесе ана мен сәбидің қауышар сәті

Алматының №4 перзентханасы осы заманауи әдісті қолдана бастады. Кесарь тілігі тек медициналық көрсеткіштер бойынша жасалады. Мысалы, сәби жамбаспен келген жағдайда, яғни құрсақта аяғымен немесе жамбастап орналасқанда. Мұндай жағдайда ота ана мен бала үшін қауіп-қатерді азайтуға көмектеседі. Босану операция арқылы өтсе де, дәрігерлер ең маңызды нәрсені – сәбидің ата-анасымен алғашқы байланысын және дүниеге келу сәтіндегі тыныш атмосфераны сақтауға тырысады.

Еуропаның көптеген клиникасында кеңінен қолданылатын

«Бақытты Цезарь» әдісі де осы қағидаға негізделген. Операциялық бөлмеде барынша тыныш жағдай жасалады: жарық бәсеңдетіледі, артық шу азайтылады, бөлме температурасы қолайлы деңгейде ұсталады. Әйел аймақтық анестезияның әсерінде есін жоғалтпай, өз сәбиінің дүниеге келген сәтін сезіне алады.

Оның жанында үнемі серіктесі болады. Ол көбіне жұбайы, анасы немесе басқа да жақын туысы болуы мүмкін. Жақын адамның болуы операция кезінде әйелдің өзін әлдеқайда сабырлы әрі сенімді сезінуіне көмектеседі.

Сәби дүниеге келген сәтте оны

бірден алып кетпейді. Нәрестені алдымен анасының кеудесіне жатқызады. Біраз уақыт өткен соң, кіндік бауы кесіліп, бөбек шамамен, тағы 10–15 минут ата-анасының жанында болады.

Бұл уақыт «теріге-тері» деп аталатын алғашқы байланысын орнатуға, бір-бірімен танысуға және баланың табиғи физиологиялық үдерістерінің, яғни тыныс алуының, дене температурасының тұрақтануының, емшекке алғаш рет жақындауының басталуына мүмкіндік береді. Осыдан кейін ғана нәрестені арнайы жылытылатын үстелде неонатолог-дәрігер тексереді.

МАМАН МІНБЕРІ

Туберкулез – қоздырғышы *Mycobacterium tuberculosis* бактериясы болып табылатын инфекциялық ауру. Оны кез келген адам жұқтыруы мүмкін. Бұл ауруға әсіресе, иммунитеті жеткіліксіз қалыптасуына байланысты балалар сезімтал болып келеді.

Туберкулез негізінен ауа тамшылары арқылы, жөтелу, түшкіру, туберкулезбен ауыратын адамдардан бөлінетін қақырық арқылы таралады. Инфекция көзі – туберкулездің белсенді түрімен ауыратын адамдар мен жануарлар (ірі қара, ешкі, ит). Эпидемиологиялық тұрғыдан алғанда бактерия бөлетін өкпе туберкулезімен ауыратын науқастар ең қауіпті болып табылады.

– Туберкулезге тән клиникалық белгілер: ұзақ жөтел (2-3 аптадан астам), қақырық бөлінетін жөтел, қан түкіру, дене салмағының жоғалуы, кеуде ішілік лимфа түйіндерінің ұлғаюы. Туберкулез тек өкпеге ғана емес, сонымен қатар басқа ағзаларға да

ИММУНИТЕТ

кез келген ауруға дес бермейді



әсер етуі мүмкін (омыртқа, тері және т.б.), оның белгілері организмдегі инфекциялық процестің орналасуына байланысты болады, – дейді Алматының №7 қалалық клиникалық ауруханасы жанындағы емхананың фтизиатр дәрігері Қаракөз Өтемұратова.

Сондай-ақ, дәрігер аурудың жолын кесуге болатын жолдарды атап өтті. Біріншісі – балаларды иммундау. Туберкулез ауруларының алдын алу мақсатында дені сау жаңа туған балаларға, медициналық қарсы көрсетілімдер болмаған жағдайда, перзентханада туғаннан кейін 2-4 тәулікте Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес БЦЖ (Кальметт-Герен бацилласы) вакцинасы егіледі. Екіншісі – науқастарды ерте анықтау. Ересектер мен 15 жастан асқан балаларды жыл сайын флюорографиялық тексеруден өткізу, Манту сынамасы бойынша 18 жасқа дейінгі балаларды тексеру. Ал үшіншісі – салауатты өмір салтын, жеке гигиена ережелерін сақтау, иммунитетті көтеру.

Туберкулезді тексеру және емдеу тегін! Денсаулығыңыз өз қолыңызда!

БІЛГЕН ЖӨН

Адам ұйықтағанда
неге бастырылып қалады?

Адам түнде ұйықтап жатқан кезінде кейде бастырылып қалады. Бұл жағдайды «сені жын иектеген» немесе «бір қасиетің бар шығар» дейтіндер де табылады.

Бірақ мүлдем олай емес. Бастырылып қалу – ғылым тілінде «ұйқы параличи» деп аталады. Бұл мидың оянып, бірақ дененің әлі де терең ұйқы фазасында (бұлшықеттердің сал болуы) қалып қоюынан туындайды. Мұндай сәтте адам денесін басқара

алмай қиналады. Біреу сізді буындырып, кеуде бөлігіңізді қысып жатқандай сезінесіз. Тынысыңыз тарылып, қорқынышыңыз ұлғайып, тіпті бөлмеде бөтен адам жүргендей сезіледі. Дегенмен, бұл бар болғаны қорқынышымен қоректеніп, адамның санасын басқарып отырған галлюцинациялар дейді зерттеушілер.

Бастырылуға негізгі себептер: күйзеліске түсу, қатты шаршау. Содан келіп ұйқы бұзылады. Ұйқының тұрақты болмауы немесе ұйқысыздық бастырылу қаупін

арттырады. Шалқадан жатып ұйықтағанда да тыныс алу қиындап, бастырылуыңыз мүмкін.

Бастырылмау үшін уақытылы ұйықтаған жөн. Төсекке уайымға салынбай, тыныш күйде жату маңызды. Яғни миыңыздың тынық болғаны ләзім. Және де шалқадан емес, қырынан жатқан дұрыс. Бастырылу қауіпті ме? Жоқ, қауіпті емес. Бірақ жиі қайталанса, дәрігерге қаралған дұрыс. Ұйқыңыз тыныш болсын!

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.



Ұрпағы бар ұмытылмас

Ұлтының жадында сақталған поэзияның заңғар шығарымына айналған Мұқағали Мақатаевтың есімі жас ұрпақтың да жадында жаңғырған қастерлі есім. Оның жырлары халқының шынайы сезімінің, асқақ рухына айналып отыр. 95 жылдық мерейтой қарсаңында Жетісу ауданындағы №103 мектеп-гимназия ұжымы ақынның ұрпақтарымен кездесті.

Мектеп басшылығы тағылымды кездесуді ұлы тұлғаның рухани мұрасын жас ұрпаққа насихаттау мақсатында ұйымдастырған. Ақынның ұлы Жұлдыз бен келіні Бақыткүл арнайы келіп, мектеп ұжымын қуантты. Жырдан шашу шашқан шырайлы кездесу ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығы терең тануға мүмкіндік берді.

Оқушылар ақын шығармаларынан сахналық қойылым арқылы көрсетіп, мәңгілік мұраны дәріптеудің жарқын үлгісін танытты. Өнерпаз оқушылардың орындауындағы әндер жүректен шығып, жүрекке жетті. Ақын ұрпақтарының айтқан жылы естеліктері кештің ең бір әсерлі сәтіне айналды. Мұқағали Мақатаевтың өмірдегі қарапайымдылығын, отбасына деген мейірімін, шығармашылықтағы табандылығы мен адами қасиеттерін ерекше ықыласпен әңгімелейді. Бұл естеліктер арқылы оқушылар Мұқағалиды тек ақын ретінде ғана емес, әке, азамат, тұлға ретінде де тани түсті.

– Мұндай кездесулердің тәрбиелік мәні зор. Кітаптан оқылған дерек пен көзбе-көз айтылған естеліктің әсері әртүрлі болады. Осынау кеште оқушылар Мұқағали Мақатаевтың адами болмысын, оның өмір жолындағы қиындықтарын, поэзиядағы шынайылығын терең сезіне алды, – деді мектеп басшысы Айгүл Өмірзаққызы.

Кеш аясында ұйымдастырылған концерттік бағдарлама да жоғары деңгейде өтті. Кездесу соңында қонақтар мектеп кітапханасына ақынның бірнеше кітабын сыйға тартты. Мазмұнды кешті ұйымдастыру мектеп ұжымының бірлескен еңбегінің нәтижесі болса, бұл тәрбие жұмысының сапалы жүргізіліп жатқанын көрсетеді.

ІШЕК ИНФЕКЦИЯЛАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ

Жіті ішек инфекциялары – диарея, интоксикация, кейбір жағдайларда сусыздану дамуымен асқазан-ішек жолдарының моторикасының бұзылуымен жүретін жұқпалы аурулардың кең тобы.

Ішек инфекцияларының түрлеріне келесі аурулар жатады:

Дизентерия тоқ ішекке әсер етеді және интоксикациямен жалғасады. Ауру жіті және созылмалы болуы мүмкін. Жіті дизентерия қызба, іштің ауыруы, қан мен шырышпен жиі диареямен бірге жүреді. Ішек инфекцияларының жаппай өршуінің басты себебі – су құбырындағы ласланған суын немесе жуылмаған жемістер мен көкөністерді пайдалану.

Сальмонеллез жиі құсу және қатты интоксикация белгілері анықталады. Инфекцияның жеңіл түрінде дене қызуы нормадан аспайды. Инфекция асқазан-ішек жолына әсер етеді. Аурудың ауырлығы жасына және ағзаның қорғаныс күштерінің жағдайына, сальмонеллалардың түріне, инфекцияның таралу жолдарына, ағзаға түскен микробтар мен олардың токсиндерінің санына байланысты.

Іш сүзегі – сальмонеллездің бір түрі. Ауру біртіндеп күшейе түседі. Науқастар қалтырауды сезінеді, кешке қарай дене қызуы көтеріледі, жалпы әлсіздік, ұйқысыздық байқалады, тәбеті нашарлайды. Дене қызуының жоғарылауы көбінесе біртіндеп жүреді, ал 4–7-ші күні ол әдетте максимумға жетеді. Температураның көтерілуімен қатар интоксикация және ішкі ағзалардың зақымдану белгілері артады: терінің бозаруы, бас ауруы күшейеді, тіл қалыңдайды, іш сүзегіне тән тілдің ақ жабыны пайда болады, ал шеттері мен ұшы таза болып қалады. Іш қату немесе диарея болуы мүмкін.

Дәрігерлер тырысқақты екі себепке байланысты аса қауіпті инфекцияларға жатқызады: сулы диарея және құсу ағзаның сусыздануына әкеледі, ал таяқшаның өзі бүйрек қызметін бұзады.

Өзіңізді қалай қорғауға болады:

Кешедегі сауда орындарында азық-түлік сатып алмаңыз: базарларда сатушылардан сапа сертификаттарын талап етіңіз. Тоңазытқыштармен жабдықталмаған сауда орындарында сатып алмаңыз.

Ыстық елдерде демалыста экзотикалық тағамдардан бас тартыңыз – шикі тартылған ет, қан құйылған стейктер, кебабтар және термиялық өңделмеген басқа да ет тағамдары жұқпалы және паразиттік ауруларға әкелуі әбден мүмкін. Тек дәлелденген тамақтану орындарында тамақтаныңыз, кездейсоқ тағамдар мен асханалардан аулақ болыңыз.

Су құбырынан, құдықтардан және басқа да су көздерінен шикі су ішеңіз. Сергітетін сусындарға, шырындарға және суық шайға жиі ұсынылатын мұз кесектерін де мұқият пайдаланыңыз.

Ешқандай жағдайда шикі балық пен басқа теңіз өнімдерін пайдаланбаңыз. Қолыңызды сабынмен жуыңыз, тістеріңізді жуыңыз, көкөністер мен жемістерді тек қайнаған сумен жуыңыз!

А.КАРИБЖАНОВА,

Алматы бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

«Думандағы» әз-Наурыз

«Думан» жұртшылығы №166 бөбекжай-балабақша шаңырағында әз-Наурыз бен Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығын атап өтті.

Жиналғандар алдымен «Әр өлеңім – бір әлем» атты ақынның кітап көрмесі мен балалардың сурет көрмесін тамашалады. Мерекелік іс-шараның ашылу сөзінде балабақша басшысы Эльмира Атханова мазмұнды іс-шараның мәніне тоқталды:

– Ақиық ақын М.Мақатаев кезінде «Наурыз айы туғанда, келіп ем өмір орманға» деп жырласа, осынау ізгілікке толы күні аудан ақсақалдарын арнайы шақырып, ұлт тәрбиешілері болашақ ұрпақтың санасына ұлттық құндылықты дарытып жатқанын көрсеткіміз келді, – деді Эльмира Бектұрғанқызы.

Аталмыш кеш ұлт руханиятының тамырын тереңнен тартып, жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруге бағытталды. Іс-шараның негізгі бөлімінде балалар



Мұқағалидың «Отан», «Үш бақытым», «Пай, пай, өмір», «Ана, сен бақыттысың» секілді өлеңдерін мәнерлеп оқып, поэзияның уақыт пен жас талғамайтын тағы бір мәрте дәлелдеді. Бұл күні «Тұлпар», «Ақсұңқар», «Көгершін», «Бәйшешек», «Қызғалдақ», «Балапан» «Жалын» топтарының бүлдіршіндерімен қатар, ұжым қызметкерлері де өнерлерін ортаға салды.

**Әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.**



Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
жарылады.**
**Нөмірдің таралымы –
10 360 дана (жұма)**

**Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШ**

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № КЗ17VPY00085956 күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

АЛМАТЫДА «ҚАУІПСІЗ ҮЙ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖЕРГІЛІКТІ РЕЙДТІК ІС-ШАРАСЫ БАСТАДЫ

Алматы қаласының Алатау ауданында қоғамдық қауіпсіздікті күшейту және тұрмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында «Қауіпсіз үй» атты республикалық жергілікті рейдтік іс-шарасы өтуде. Аталған шара наурыз айының 26-29 күндері аралығында ұйымдастырылып отыр.

Іс-шараның негізгі мақсаты – отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және халықтың құқықтық мәдениетін арттыру. Соңғы уақытта жүргізілген талдауларға сәйкес, өңірде тұрмыстық жанжалдар мен балаларға қатысты құқық бұзушылықтар қоғам назарын аударған маңызды мәселелердің бірі болып отыр.

Рейд барысында полиция қызметкерлері тұрғын үйлерді аралап, профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Әсіресе, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға, тәуекел тобына жататын азаматтарға ерекше көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, алкогольдік ішімдіктерді шамадан тыс тұтыну салдарынан туындайтын құқық бұзушылықтардың алдын алу да басты бағыттардың қатарында.

«Қауіпсіз үй» іс-шарасы қоғамдық тәртіпті нығайтуға, тұрғындардың қауіпсіздікке деген сенімін арттыруға және құқық бұзушылық деңгейін төмендетуге бағытталған маңызды бастама ретінде бағалануда.

Құқық бұзушылықтар орын алған жағдайда немесе кеңес алу үшін төмендегі нөмірлерге хабарласуға болады:

- **102 – полиция;**
- **111 – балалар мен жастарға арналған ұлттық сенім телефоны;**
- **150 – отбасы және құқықтарды қорғау мәселелері бойынша сенім телефоны.**

Тұрғындар мен қонақтарды аталған іс-шараларға түсіністіктен қарауға шақырамыз.

Алматы қаласы мәслихатының депутаттары VIII сайланымдағы Алматы қаласы мәслихатының депутаты Серік Аманжолұлы Есмамовқа әкесі

Аманжол Айткенұлы ЕСМАТОВТЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



«ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!»

Байқау жеңімпаздары анықталды

«Alatau Aqparat» медиахолдингі ұйымдастырған «Almaty aqshamy» мен «Вечерний Алматы» газеттерінің тұрақты оқырмандарына арналған байқаудың жеңімпаздары белгілі болды.

Дана
САДЫРҚАН

Жалпы, газет оқырмандары арасында ұтыс ойынын өткізу – қос басылымның игі дәстүріне айналған. Осыған орай «Alatau Aqparat» медиахолдингі ұжымы жыл сайын жазылушылар арасында дәстүрлі «Жазыл да, ұтып ал!» байқауын ұйымдастырып келеді. Қала тұрғындары бұл жолы да белсенді қатысып, бақтарын сынады.

Апорт Mall East сауда-ойын-сауық орталығында өткен байқауға қатысушылар саны көп болды. Арнайы комиссия құрылып, газетке жазылғанын растайтын түбіртектерін жолдаған оқырмандар арасынан кездейсоқ таңдау арқылы жеңімпаздар анықталды.

– Байқауға жаңадан қосылған және көптен бері бізбен бірге келе жатқан тұрақты оқырмандар тең дәрежеде қатысты. Оқырмандарымызға ұсынатын материалдарымыздың мазмұнды, өзекті әрі қызықты болғанына қуаныштымын. Біз Алматы қаласының тыныс-тіршілігі туралы шынайы, тексерілген әрі пайдалы ақпарат



Суреттерді түсірген Айгүл КОЛЫМБЕТОВА.

ұсынып келеміз. Барлық қатысушыға алғыс білдіремін. Алдағы уақытта да бұл байқауды дәстүрлі түрде жалғастырамыз. Жұлделердің құндылығы арта түседі деп сенемін. «Almaty aqshamy» және «Вечерний Алматы» газеттері бүгінде де жоғары сұранысқа ие, – деді «Alatau Aqparat» медиахолдингі коммерциялық директоры Қуаныш Дюскалиев.

Байқау қорытындысы бойынша «Almaty aqshamy» газетінің оқырмандары

арасынан Нұрмұхамет Әмірбеков (блендер), Асқар Шантиев (миксер) және Жақсылық Тазабек (шырынсыққыш) жеңімпаз атанды.

– 1996 жылдан бері «Almaty aqshamy» газетінің тұрақты оқырманымын. Жыл сайын байқауға қатысамын, биыл жолым болып, жүлдеге ие болдым. Қуанышымда шек жоқ. Редакция ұжымына алғысым зор. Газеттегі материалдарды қызыға оқимыз. Басылымның өркендей беруіне ті-

лектеспін, – деді жеңімпаз Жақсылық Тазабек.

Ал «Вечерний Алматы» газетінің оқырманы Сәуле Сейілханқызы өз әсерімен бөлісті:

– Бұл газетпен мен балалық шағымнан бастап есейгенге дейін бірге келемін. Көп жыл әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де орыс тілі пәнінен дәріс бердім. Қазір де «Вечерний Алматы» газетін сүйіп оқимын. Редакция мен оқырман арасындағы байланыс әрдайым нығая беруі керек. Өйткені, бұқаралық ақпарат құралдары – қоғамдағы төртінші билік өкілі, маңызды күш. Еліміз аман, аспанымыз ашық болсын, – деді ол.

Жеңімпаздарға тұрмыстық техникаларды ұсынған «Панасоник Маркетинг ТМД» компаниясының Орталық Азия бойынша даму менеджері Эдгар Деревянко іс-шараның маңыздылығын атап өтті:


– Іс-шара өте жоғары деңгейде өтті. Осындай игі бастамалар оқырман мен басылым арасындағы байланысты нығайта түседі. Әсіресе, Наурыз мерекесімен тұспа-тұс келуі бұл күннің маңызын арттыра түсті. Мұндай іс-шаралар адамдарға қуаныш сыйлап қана қоймай, қоғамдағы бірлікті де күшейтеді. «Панасоник» компаниясы үшін де осындай әлеуметтік маңызы бар жобаларға қолдау көрсету – үлкен жауапкершілік. Біз алдағы уақытта да осындай бастамаларға атсалыса береміз, – деді ол.

Ұтыс жеңімпаздары мұндай игі дәстүрді жалғастырып келе жатқан «Alatau Aqparat» медиахолдингі ұжымына алғыстарын білдірді. Биыл газетке жазылушылар санының артқаны да ерекше байқалды.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



ДҮНИЕ-КЕРУЕН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.